ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ
(Экономика және құқық факультеті)

АҚТӨБЕ, 2022

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ

ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫ
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ

Редакциясын басқарған Л.Ч.Қарабасова

Ақтөбе
2022

ББК 65.263.1
О - 14

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (№5 хаттама, 25 ақпан 2022 ж.).

Элективті модульдер каталогы. 2022-2023 оқу жылы. - Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2022. – 184 б.

Каталог білім беру бағдарламаларының жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің таңдау компоненттері тізбелерінен, таңдау компоненттерінің қысқаша сипаттамаларынан тұрады.

Элективті модульдер каталогы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Экономика және құқық факультетінің студенттеріне арналған және мамандықтар бойынша оқу траекториясын анықтау үшін дайындалған.

Баспаға жауаптылар: Дүзмағамбетов Е.А., Кунанова А.Б.

ISBN 9965-9658-5-6
o 4309000000
00(05)-05

© Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2022.
Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы, 34

ТҮСІНІК ХАТ

Элективті модульдер каталогы (ЭМК) Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Академиялық сапаны арттыру департаментінде жасақталды.

Мамандықтар бойынша Типтік оқу жоспарларында студенттерге жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру пәндерінің міндетті компоненттерімен қатар таңдау компоненттерінің ауқымы ұсынылады. Каталог білім беру траекториясын анықтауда маңызды құжат болып табылады.

Құрметті студент!

Каталогта Жалпы білім беру (ЖБП), Базалық (БП) және Кәсіптендіру (КП) пәндері циклындағы таңдау компоненттері жинақталған. Сонымен қатар, пәндерді колданудың бірыңғай жүйесі сақтала отырып, әр таңдау пәнінің шифрі, мақсаты, пререквизиттері мен постреквизиттері, пәннің қысқаша мазмұны, пәнді оқып-меңгеруге бөлінген кредит мөлшері мен оқу семестрі және Дублиндік дескрипторлар мен күтілетін нәтижелер көрсетілген.

Каталог Сізге пәндерге қатысты қажетті мәлімет алуыңызға және өзіңіздің жеке оқу жоспарыңызды дұрыс құруыңызға көмегін тигізеді. Пәндерді таңдау кезінде факультет деканатынан немесе эдвайзерден көмек сұрауыңызға болады.

Сәттілік тілейміз!

ЭЛЕКТИВТІ МОДУЛЬДЕР КАТАЛОГЫН ЖАСАҚТАУДЫҢ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

1. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР БжҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген. (23.07.2021 жылғы №362 өзгертулермен және толықтырулармен).

2. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі. ҚР БжҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген (06.05.2021 жылғы №207 өзгертулермен және толықтырулармен).

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БжҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген. (29.12.2021 жылғы №614 өзгертулермен және толықтырулармен).

4. ҚР МЖМБС. Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім берудің оқу пәндерін кодтау жүйесі (ҚР МЖМБС. 5.05.001-2005).

5. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Академиялық кеңесінің шешімдері.

6. Элективті пәндер каталогының ережесі (Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, 2020 ж.).

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ
6В04101 – ЭКОНОМИКА
2 курс

Компонент	Пән коды	Пәннің атауы	Семестр	Кредит саны
4.1 Модуль - Қоғамдық-құқықтық, 10 кредит				
ЖББП МК	Fil 2107	Философия	4	5
ЖББП ТК	AA 2108	Академиялық адалдық	3	5
4.2 Модуль - Қоғамдық-экономикалық, 10 кредит				
ЖББП МК	Fil 2107	Философия	4	5
ЖББП ТК	EBN 2108	Экономика және бизнес негіздері	3	5
5.1 Модуль - Ұлттық экономиканың салалары, 23 кредит (Траектория - Кәсіпорын экономикасы)				
БП ЖК	Men 2205	Менеджмент	3	4
БП ТК	AE 2206	Агробизнес экономикасы	3	5
БП ТК	EE 2207	Еңбек экономикасы	3	5
БП ТК	KSE 2208	Қоғамдық сектордың экономикасы	3	5
БП ТК	CPEK 2209	Цифрлық платформалардағы экономикаға кіріспе	3	4
5.2 Модуль - Экономиканың халықаралық дамуы, 23 кредит (Траектория - Әлемдік экономика)				
БП ЖК	Men 2205	Менеджмент	3	4
БП ТК	HEI 2206	Халықаралық экономикалық интеграция	3	5
БП ТК	ADD 2207	Әлемдік демографиялық даму	3	5
БП ТК	ShEE 2208	Шет елдер экономикасы	3	5
БП ТК	ShOBB 2209	Шағын және орта бизнесті басқару (ағылшын тілінде)	3	4
6.1 Модуль - Қаржылық экономика, 23 кредит (Траектория - Кәсіпорын экономикасы)				
БП ТК	ANB 2210	Ақша, несие, банктер	4	4
БП ТК	KIKZh 2211	Кәсіпорында іс қағаздарын жүргізу	4	5
БП ТК	BEA 2212	Бухгалтерлік есеп және аудит	4	5
БП ТК	BZh 2213	Бизнес-жоспарлау	4	6
БП		Өндірістік практика	4	3
6.2 Модуль - Әлемдік қаржылық экономика, 23 кредит (Траектория - Әлемдік экономика)				
БП ТК	KND 2210	Қаржы нарықтары және делдалдары	4	4
БП ТК	ATN 2211	Әлемдік тауарлар нарықтары	4	5
БП ТК	KBEZh 2212	Кәсіпорында бухгалтерлік есепті жүргізу	4	5
БП ТК	SVK 2213	Стартаптарды венчурлық қаржыландыру	4	6
БП		Өндірістік практика	4	3

4.1 Модуль - Қоғамдық-құқықтық

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Академиялық адалдық
Бағдарлама авторы: Атаниязов Ж.
Курсты оқытудың мақсаты: студенттің оқудағы адалдығын білдіретін құндылықтар мен қағидалар жиынтығы туралы, оқытушылармен және басқа студенттермен қарым-қатынаста, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты және сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көрінісіне төзімсіз қатынасты дамыту туралы жалпыланған білімді қалыптастыру.
Пәннің қысқаша мазмұны: академиялық адалдық ұғымы, академиялық адалдық қағидаларының тұжырымдамасы және түрлері, академиялық адалдықтың мәні, Жұбанов атындағы АӨУ студенттерінің академиялық адалдық кодексі, сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар ұғымы, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, академиялық адалдық принциптерін бұзғаны үшін шаралар.
Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Ұлттық руханият
Постреквизиттері: Философия, Халықаралық экономикалық интеграция
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) академиялық адалдықтың негізгі қағидаларын білу және түсіну B) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қалыптасқан құқықтық сана, құқықтық ойлау және құқықтық мәдениет негізінде болашақ кәсіби қызметті жүзеге асыру. C) Академиялық адалдық қағидаттары туралы қорытынды жасай білу.

D) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстарды жасай білу Е) Құжаттарды, эсселерді, ғылыми жұмыстарды жобалау кезінде плагиатқа қарсы жүйені қолдану дағдыларын меңгеру.

4.2 Модуль - Қоғамдық-экономикалық

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Экономика және бизнес негіздері
Бағдарлама авторы: Султамуратова Н.Б.
Курсты оқытудың мақсаты: негізгі экономикалық мәселелерді, теориялық экономиканың тұжырымдамалық ережелерін және бизнес негіздерін зерттеу.
Пәннің қысқаша мазмұны: Экономика және оның қоғамдағы рөлі. Нарықтық экономиканың жалпы сипаттамасы. Нарықтық экономикаға көшу шарттары. Негізгі экономикалық санаттар (қажеттіліктер, игіліктер, еңбек құралдары, өндіріс құралдары, жұмыс күші, қоғамның өндірістік күштері, өндіріс). Бизнес: әлеуметтік-экономикалық мәні және ұйымдастыру. Кәсіпкерлік: түсінігі, негізгі белгілері және өмір сүру шарттары. Кәсіпкерлік түрлері. ҚР аумағында қолданылатын кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық нысандары. Кәсіпкерліктің ұйымдық-экономикалық формалары.
Пререквизиттері: Еңбек экономикасы, Шағын және орта бизнесті басқару (ағылшын тілінде)
Постреквизиттері: Қаржы нарықтары және делдалдары, Стартаптарды венчурлық қаржыландыру
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) экономикалық терминдердің мәнін, нарықтық экономиканың заңдылықтары мен принциптерін білу; B) кәсіпкерліктің мақсатын, оның даму факторлары мен шарттарын түсіну; C) бизнес принциптері туралы түсінікке ие болу, бизнес субъектілерін, түрлі түрлері мен түрлерін анықтау; D) кәсіпкерлік қызметті талдау кезінде экономикалық сипаттағы мәселелерді ажырата білу; E) кәсіпкерлік қызметті талдау әдістерін меңгеру.

5.1 Модуль - Ұлттық экономиканың салалары

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Агробизнес экономикасы
Бағдарлама авторы: Ибрашева А.Ж.
Курсты оқытудың мақсаты: Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің даму бағыттары мен аграрлық өндіріс жағдайы факторларын, мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қайта құру және нарық қа сай шаруашылық түрлерін құру, аграрлық нарық және агробизнесте нарықтық қатынасты қалыптастыру механизмін, агроазық-түлік маркетингі мен агробизнес жүйесіндегі мемлекеттік реттеуді үйретеді. Ауыл шаруашылығында агробизнесті ұйымдастырудың теориялықбілімі мен тәжірибелік жұмыстарын игеру; негізгі ауыл шаруашылығы сферасының даму ерекшелігін оқып, үйрену; ауыл шаруашылығында бизнесті тиімді жүзеге асыру аспектілерін қалыптастыру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Курстың пәні, әдісі мен міндеттемелері. Ауыл шаруашылығының көп укладты экономиканың қалыптасуы. Жер ресурстары және нарық жағдайында оларды пайдалану тиімділігі. Еңбек нарығы және ауыл шаруашылық тұрғындардың жұмыспен қамту мәселелері. Материалдық ресурстар және агробизнесті өндіріс техникалық құралдарымен қамтамасыз ету. Агроөнеркәсіптік интеграцияның механизмі және нарықтық инфрақұрылымның дамуы. Өндірістің орналасуы мен мамандандырылуы – агробизнестің даму негізі. Агробизнес тиімділігін бағалау. Сауда- саттық, шикізатты өткізу нарығы және маркетинг. Агробизнестегі механизм. Агробизнестегі бағаның қалыптасуы және баға саясаты. Агробизнес саласындағы салық салудың ерекшеліктері.
Пререквизиттері: Микро-макроэкономика, Халықаралық экономика.
Постреквизиттері: Бизнес-жоспарлау, Баға қалыптастыру.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) агробизнестің ауыл шаруашылығында алатын орны; ауыл шаруашылығы құрылымын; ауыл шаруашылығында өндірілетін өнім сапасын арттыру; сала бойынша экология-экономикалық жүйе түсінігін білу; B) агробизнесте басқарудың ұйымдық құрылымы; өнім сапасы мен оны өткізу жолдары; ауыл шаруашлығы кәсіпорындарының жалпы және өндірістік құрылымын; өндірістік процесті ұйымдастыру мәселелерін талқылау; C) өндірілген өнімді есепке алу, сақтау және сату; энергия түрлерін пайдалану. D) аграрлық нарықты қалыптастыру; агробизнесте мемлекеттік реттеудің қажеттілігі, салық салу мәселелері; агробизнестің маркетингтік ортасы, фьючерлік, форвардтық келісімдерді қолдану, опциондық сауда; еңбек өнімділігін арттырудың басты факторларын жүйелеу; E) өнімнің өзіндік құнын төмендету жолдарын есептей алу; пайда мен рентабельділік көрсеткіштерін есептей білу.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Еңбек экономикасы
Бағдарлама авторы: Шакеева Д.Т.
Курсты оқытудың мақсаты: Еңбек экономикасы туралы білімді қалыптастыру. Еңбек экономикасы сферасында әлеуметтік-еңбектік қатынастарының реттеу принциптерін және негізгі құрам бөліктерін оқыту. Студенттерді еңбек экономикасы саласына қатысты теориялық білім мен практикалық әдіс-тәсілдермен қаруландыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курстың мақсаты мен міндеттері. Еңбек туралы түсінік. Еңбек өзге ресурстар нарығымен өзара әрекеті. Еңбек құрылымы мен модельдері. Еңбек қалыптасу механизмдері. Еңбек күшіне сұраныс пен ұсыныстың қазіргі теориялары. Аймақ деңгейіндегі кәсіпорынның ішкі еңбек талдау және реттеу жүйесі. Еңбек нарығы еңбекпен қамту және жұмыссыздықтың реттеушісі ретінде. Еңбек нарығын қалыптастыру мен реттеудегі мемлекет ролі. ҚР-ның «Еңбек Кодексі». Экономика жағдайындағы еңбек нарығында кең қолданыс тапқан стандартты емес еңбекпен қамту. ҚР-ғы еңбек экономикасы жағдайы және даму перспективасы. Еңбек нарығының актуальді мәселелері.
Пререквизиттері: Микро-макроэкономика, Халықаралық экономика.
Постреквизиттері: Еңбек ақы төлеу, Еңбекті нормалау.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Еңбек экономикасы әртүрлі моделдерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін білу; В. Еңбек экономикасы жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысының қалыптасуына ықпал ететін факторларды түсіну; С. Елдің, өңірдің жұмыссыз тұрғындарының сапалық және сандық құрамын талдау; D. Ішкі, өңірлік, ұлттық еңбек нарықтарының жағдайын талдауда оқылған теориялық және практикалық материалдарды қолдану; Е. Еңбек экономикасы қызметінде басқаруды, жоспарлауды, ұйымдастыруды, болжауды, халық шаруашылығы ресурстарын қалыптастыруды және пайдалануды, қазіргі жағдайда еңбектің экономикалық тиімділігін бағалау.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Қоғамдық сектордың экономикасы
Бағдарлама авторы: Байшукурова Ж.Ж.
Курсты оқытудың мақсаты: студенттердің микроэкономиканың инструменталды аппараты негізінде мемлекеттің экономикалық қызметінің негізін құрайтын қоғамдық сектор экономикасы, мемлекеттік қаржы бойынша білімді меңгеруі.
Пәннің қысқаша мазмұны: "Қоғамдық сектор экономикасы" пәні студенттерге қазіргі аралас экономиканың даму принциптерін толық түсінуге мүмкіндік береді. Қазақстандағы экономикалық өзгерістер пәннің өзектілігін анықтайды - қоғамдық сектордың қызмет ету ерекшеліктерін зерттеу студенттерге трансформация процесінде пайда болатын реформалар мен проблемаларды жақсы түсінуге мүмкіндік береді. "Қоғамдық сектор экономикасы" студенттерді қоғамдық сектордың қызмет ету негіздерімен таныстырады, оның экономикалық жүйедегі орны мен рөлін, оның функцияларын, басқару әдістерін, ресурстарды тарту көздері мен бағыттарын, сондай-ақ ресурстарды пайдалану тиімділігін бағалауды зерттейді.
Пререквизиттері: Микро-макроэкономика, Халықаралық экономика.
Постреквизиттері: Жылжымайтын мүлік экономикасы, Кәсіпкерлік.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) мемлекет экономикасының негізгі теорияларын білу; В) қоғамдық сектор экономикасының проблемаларын зерделеу кезінде талдамалық тәсілді қолдана білу; С) Мемлекеттік бағдарламалар мен салықтардың ықтимал әсерлерін бағалау дағдысының болуы; Д) экономикалық, әлеуметтік, басқарушылық ақпарат көздерін пайдалану; Е) экономикалық және қоғамдық зерттеу әдіснамасын меңгеру.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Цифрлық платформалардағы экономикаға кіріспе
Бағдарлама авторы: Султамуратова Н.Б.
Курсты оқытудың мақсаты: цифрлық экономиканы талдаудың әдіснамалық негіздерін, қазіргі Қазақстан экономикасын жаңғырту кезеңіндегі оның ерекшелігін зерделеу, цифрлық экономика платформасын, оның жұмыс істеу заңдылықтарын білу.
Пәннің қысқаша мазмұны: Экономикалық трансформация және цифрлық экономика. Экономиканы технологиялық қайта конфигурациялау. Экономиканың негізгі секторларын цифрландыру. Экономиканың цифрлық трансформациясының жұмыспен қамтуға әсері. Сандық технологиялар және қаржы. Әлеуметтік саланы цифрландыру: мүмкіндіктер мен сын-қатерлер. Цифрлық экономика шеңберіндегі өзара іс-қимылдың жаңа нысандары.
Пререквизиттері: Микро-макроэкономика, Халықаралық экономика, Экономикадағы математика.
Постреквизиттері: Бизнес-жоспарлау, Кәсіпорын экономикасы, Excel-дегі аналитика.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А. Салалық және макроэкономикалық деңгейде әртүрлі экономикалық жағдайларды талдаудың негізгі теориялық тәсілдерін білу және цифрлық экономиканың технологиялық, мінез-құлық, институционалдық-құқықтық ерекшеліктерін ескере отырып, жағдайды дұрыс модельдеуді білу; В. Цифрлық трансформацияның теріс және оң факторларын бөліп, салыстыра білу, олардың макро - және микроэкономикалық көрсеткіштерге, бизнес жүргізу мүмкіндіктеріне және экологиялық проблемаларды шешуге әсер ету дәрежесін анықтау; С. Цифрлық экономиканың негізін құрайтын қазіргі заманғы және перспективалы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін қолдану; D. Цифрлық экономиканы талдау, цифрлық трансформацияның тиімділігін бағалау әдістерін меңгеру, цифрлық қауіпсіздік проблемаларын анықтау және талдау; Е. Цифрлық трансформация кезінде басқарушылық шешімдер қабылдау саласында алынған білім мен практикалық тәжірибені құрастыру.

5.2 Модуль - Экономиканың халықаралық дамуы

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Халықаралық экономикалық интеграция
Бағдарлама авторы: Миралиева А.Ж.
Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларда ХЭҚ нысандарының бірі ретінде халықаралық экономикалық интеграция туралы тұтас жүйелік түсінікті қалыптастыру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Курс әлемдік экономиканың тұтастығын арттыруға, нарықтар мен елдердің бірігуіне әкелетін әлемдік экономикадағы интеграцияны зерттеуге арналған. Өндірісті интернационалдандыру, жаһандану, Халықаралық экономикалық интеграцияның даму тарихы, интеграциялық процестердің заманауи формалары мен әдістері сияқты құбылыстар зерттеледі. Сондай-ақ, дүниежүзілік экономикалық кеңістіктегі негізгі интеграциялық процестер қарастырылады, халықаралық экономикалық интеграцияның негізгі проблемалары мен перспективалары атап өтіледі.
Пререквизиттері: Халықаралық экономика, Микро-макроэкономика.
Постреквизиттері: Әлемдік тауарлар нарықтары, Стартаптарды венчурлық қаржыландыру
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) халықаралық экономикалық интеграцияның теориялық негіздерін; интеграцияның алғышарттары мен мәнін білу; B) халықаралық экономикалық интеграцияның қазіргі жай-күйін, оның проблемаларын, әлеуеті мен тетіктерін сенімді бағдарлай білу; c) интеграцияның өңірлік экономикалық қатынастарға, халықаралық экономикалық өзара іс-қимылға және осындай бірлестіктерге қатысушы жекелеген елдердің экономикасына әсер ету дәрежесін бағалау; D) өңірлік деңгейде экономикалық интеграцияның дамуы туралы ақпаратты өз бетінше зерделеу, түсіндіру; E) халықаралық экономикалық интеграция процестеріне елдердің қатысу перспективалары мен үрдістерін бағалаудың қазіргі заманғы әдістері мен тәсілдерін пайдалану.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Әлемдік демографиялық даму
Бағдарлама авторы: Миралиева А.Ж.
Курсты оқытудың мақсаты: студенттерді демографиялық көрсеткіштерді есептеуге және талдауда қолдануға, осы саладағы жағдайға кешенді бағалау жасауды үйрету болып табылады.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пән демографиялық зерттеулердің теориясы мен әдістемесін зерттеуге, халықтың өсу заңдылықтарын білуге, қазіргі әлемдік демографиялық жағдаймен және оның проблемаларымен танысуға бағытталған. Жалпы әлемнің де, атап айтқанда Қазақстанның да қазіргі демографиялық дамуының барлық негізгі заңдылықтары қарастырылады.
Пререквизиттері: Халықаралық экономика, Экономика және бизнес негіздері, Халықаралық экономикалық интеграция
Постреквизиттері: Әлемдік тауарлар нарықтары, Әлемдік капитал нарығы.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) демографиялық саясатты жүргізудің негізгі бағыттарын білу; B) ҚР және басқа елдердің қазіргі демографиялық жағдайын сипаттай білу; C) демографиялық болжамдарды жасау; D) демография саласында экономикалық білім негіздерін пайдалану; E) демографиялық саясатты жүргізуде еркін бағдарлануға мүмкіндік беретін дағдыларды меңгеру.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Шет елдер экономикасы
Бағдарлама авторы: Байшукурова Ж.Ж.
Курсты оқытудың мақсаты: әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесінде жекелеген елдердің экономикасы, олардың экономикалық даму ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пән шет елдердің экономикасы туралы аса маңызды мәліметтерді қамтиды. Әлем елдерінің экономикасын дамытудағы сыртқы экономикалық байланыстардың рөлі ашылады. Курс аясында жекелеген мемлекеттердің ұлттық экономикалары, елдер топтары құрылымының ерекшеліктері, олардың даму тенденциялары және экономикалық процестерге әсер ететін факторлар қарастырылады. Мемлекеттердің ішкі және сыртқы экономикалық саясатын талдауға көп көңіл бөлінеді.
Пререквизиттері: Халықаралық экономика, Экономика және бизнес негіздері, Халықаралық экономикалық интеграция
Постреквизиттері: Әлемдік тауарлар нарықтары, Халықаралық экономикалық қатынастар.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) қазіргі әлемдік экономиканың құрылымын және халықаралық экономикалық қатынастардың формаларын білу; B) отандық және шетелдік зерттеушілердің нәтижелерін қорытындылай және сыни бағалай білу, перспективалық бағыттарды анықтау, зерттеу бағдарламасын құру; C) елдер мен аумақтардың жекелеген топтарының даму деңгейі мен үрдістері туралы деректерді талдау және салыстыру үшін әлемдік экономика туралы білім жүйесін пайдалану; D) қазіргі заманғы әлемдік шаруашылықтың ресурстық базасы және оны пайдалану әлеуеті туралы түсінікке ие болу; E) шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеу мен талдаудың қазіргі заманғы әдістемелерін макро - және микро деңгейде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін бағалау және болжау үшін модельдер құрудың қазіргі заманғы әдістемелерін меңгеру.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Шағын және орта бизнесті басқару (ағылшын тілінде)
Бағдарлама авторы: Якудина Р.С.
Курсты оқытудың мақсаты: Бұл пәннің негізгі мақсаты білім алушыларды шағын және орта бизнес жағдайында басқару және басқару қағидаттарымен, әдістерімен, шағын және орта кәсіпорындардың жұмыс істеуінің құқықтық аспектілерімен таныстыру, сондай-ақ шағын және орта бизнес жағдайында басқару жүйесін ұйымдастыру бойынша практикалық жұмыс дағдыларын қалыптастыру және қалыптастыру болып табылады.
Пәннің қысқаша мазмұны: Шағын және орта бизнестің мәні мен сипаттамасы. Шағын және орта бизнес субъектілері және оларды басқару процесі. Шағын және орта бизнестегі операциялық менеджмент және қаржылық жоспарлау. Шағын және орта кәсіпорындарға салық салу. Шағын және орта кәсіпорындардағы маркетинг. Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнестің тиімділігі мен даму үрдістері.
Пререквизиттері: Микро-макроэкономика, Экономика және бизнес негіздері.
Постреквизиттері: Стартаптарды венчурлық қаржыландыру, Кәсіпкерлік.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) шағын және орта бизнестің жай-күйі мен даму үрдістерін, бірыңғай экономикалық кеңістік жағдайында шағын және орта кәсіпорындардың тиімді жұмыс істеу тетігін көрсететін ұғымдарды, санаттарды, көрсеткіштерді білу; B) шағын және орта кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін тиімді басқару шешімдерін қабылдауды негіздеу әдіснамасын пайдалана білу; C) шағын немесе орта кәсіпорынды ашу жобасының экономикалық негіздемесі бойынша кешенді экономикалық есептеулер жүргізу әдістері мен тәсілдерін жіктеу; D) шағын және орта бизнес объектілерін дамытудың негізгі көрсеткіштерін талдау; E) шағын немесе орта бизнес объектілерін ашу жобалары бойынша кешенді экономикалық есептеулер жүргізу дағдыларына ие болу.

6.1 Модуль - Қаржылық экономика

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Ақша, несие, банктер
Бағдарлама авторы: Ахметова Г.И.
Курсты оқытудың мақсаты: білім алушылардың ақша айналымы, инфляция, кредит, валюталық қатынастар және банк қызметі саласында терең теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру.
Пәннің қысқаша мазмұны: ақшаның экономикалық мәнімен, функцияларымен; ақша қатынастары мен ақша жүйелерінің даму заңдылықтарымен; инфляциялық процестердің механизмдерін зерттеумен; кредиттің мәнін, функциялары мен заңдарын, кредиттік қатынастардың нысандарын; кредиттік жүйенің жұмыс істеу негіздерін қамтитын мәселелер шеңберін қамтиды.
Пререквизиттері: Микро-макроэкономика, Цифрлық платформалардағы экономикаға кіріспе.
Постреквизиттері: Бизнес-жоспарлау, Кәсіпкерлік.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) қолданбалы экономикалық пәндердің негізгі ұғымдарын, категорияларын және құралдарын білу; B) стандартты теориялық және эконометриялық модельдер негізінде экономикалық агенттердің мінез-құлқын, макродеңгейде экономикалық процестер мен құбылыстардың дамуын сипаттау; C) қаржы жүйесінің құрылымын және қаржылық қатынастардың даму заңдылықтарын зерделеу; Д) қолданбалы қаржы-экономикалық есептерді шешу кезінде ғаламдық ақпараттық ресурстар жүйесінде ақпаратты іздеу және өңдеу үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдана білу, E) қойылған міндетке сәйкес экономикалық деректерді өңдеу үшін аспаптық құралдарды таңдай білу, есептеу нәтижелерін талдау және алынған қорытындыларды негіздеу.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Кәсіпорында іс қағаздарын жүргізу
Бағдарлама авторы: Курманалина А.А.
Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларда басқару құжаттарын құрудың теориялық және практикалық негіздері туралы білімдерді қалыптастыру, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдарда қазіргі заманғы іс жүргізуді сауатты және тиімді ұйымдастыру дағдыларын игеру болып табылады.
Пәннің қысқаша мазмұны: Курста дәстүрлі және электрондық іс жүргізудің теориялық және нормативтік-әдістемелік негіздері қарастырылады, қазіргі заманғы іс жүргізудің терминологиялық аппараты, қызметтік құжаттарды жасау және рәсімдеу тәртібі талданады. Курстың ерекшелігі-құжатты зерттеу мен жасауға пәнаралық көзқарас, сондықтан технологиялық мәселелерге ғана емес, сонымен қатар кез-келген ақпараттың маңызды негізін құрайтын қызметтік құжаттың тіліне де көп көңіл бөлінеді. Басқару құжаттарындағы типтік қателерді редакциялау арқылы өзін-өзі анықтау және түзету әдісін белсенді қолдану алған білімді бекітуге, құжаттарды құрастыру, рәсімдеу және олармен жұмысты ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға, игерілген материалды және тәуелсіз позицияны сыни тұрғыдан түсіну дағдыларын дамытуға, жазбаша сөйлеудің ресми іскери стилін игеруге мүмкіндік береді.
Пререквизиттері: Микро-макроэкономика, Цифрлық платформалардағы экономикаға кіріспе.
Постреквизиттері: Бизнес-жоспарлау, Бухгалтерлік есеп және аудит.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) қазіргі заман талабына сай іс қағаздарын жүргізудің негіздерін білу; В) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып және ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптарын ескере отырып, ақпараттық және библиографиялық мәдениет негізінде кәсіби қызметтің стандартты міндеттерін шешу; С) коммуникативтік міндеттерді шешу кезінде заманауи техникалық құралдар мен ақпараттық технологияларды қолдану; Д) құқықтық актілер мен стандарттардың талаптарына сәйкес басқару құжаттарын, оның ішінде ақпараттық анықтамалық құжаттарды жасау және рәсімдеу; Е) электрондық құжат айналымы жүйесінің іздеу мүмкіндіктерін сауатты пайдалану.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Бухгалтерлік есеп және аудит
Бағдарлама авторы: Сексенова А.Т.
Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларда бухгалтерлік есеп және аудит жүргізу әдіснамасын қолдану, қаржылық есептілікті жасау білімін, экономикалық талдау жүргізу, басқарушылық шешімдерді әзірлеу және қабылдау мүдделерінде қаржылық есепке алу ақпаратын пайдалану дағдыларын қалыптастыру болып табылады.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пән бухгалтерлік есеп туралы білім жүйесін ұйымның ақпараттық жүйесі ретінде қалыптастырады, оның пәні мен әдісі, пайда болу тарихы туралы түсінік береді, Ақпараттық-бақылау, жоспарлау және бухгалтерлік модельдерді ұйымдастырудың заманауи әдістерімен таныстырады. Бухгалтерлік есеп саласындағы кәсіби қызметтің бағыттарын одан әрі бағдарлауға және еңбек нарығындағы өзгеретін қажеттіліктерге сәйкес келуге мүмкіндік береді.
Пререквизиттері: Микро-макроэкономика, Цифрлық платформалардағы экономикаға кіріспе.
Постреквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Шаруашылық қызметін талдау.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Бухгалтерлік есеп пен аудиттің теориялық және әдіснамалық негіздерін білу және түсіну. В) бухгалтерлік балансты жасау кезінде алған білімдерін дұрыс қолдану. С) кәсіпорынның есептік-экономикалық қызметіне байланысты мәселелерді дербес шешу қабілетін дамыту. D) қарым-қатынас саласындағы іскерліктер: материалды қолжетімді түрде ұсыну, оқылған, естігеннің мазмұнын баяндау. Е) шаруашылық қызметтің жекелеген фактілерін бухгалтерлік шоттарда дұрыс сәйкестендіру, бағалау, жіктеу және жүйелеу.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Бизнес-жоспарлау
Бағдарлама авторы: Байшукурова Ж.Ж.
Курсты оқытудың мақсаты: Шаруашылық субъектілердің қызметін нарық жағдайында жоспарлаудың теориялық негіздерін зерттеу және бизнес жоспарды құру әдістемесін игеру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Курстың пәні, мәселелері мен мазмұны. Бизнес-жоспарлаудың мәні мен мазмұны. Бизнес-жоспарлаудың әдістемесі мен ұйымдастырылуы. Бизнес-жоспар бизнес-жоспарлаудың тәжірибелік құралы ретінде. Бизнес-жоспарды маркетингтік зерттеу. Бизнес-жоспардағы маркетинг стратегиясы. Бизнес жоспарды қамтамасыз етуші тараулары. Бизнес-жоспарда тәуекелдікті бағалау. Бизнес-жоспардың қаржылық аспектілері.
Пререквизиттері: Микро-макроэкономика, Цифрлық платформалардағы экономикаға кіріспе, Менеджмент.
Постреквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Кәсіпорын қызметін жоспарлау.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Бизнес- жоспарды жасау әдістемесін, қабылданған стратегияның қойылған мақсаттарың қарым-қатынасын, әртүрлі сферадағы кәсіпорындардың бизнес-жоспарын құру спецификасын, сондай-ақ бизнес-жоспар жасауда кететін негізгі қателіктерді білуі тиіс; В) Бизнесті жоспарлаудың қазіргі әдістері мен тәсілдерін талқылау; С) Кәсіпорынның бизнес-жоспарын құру әдістерін, инвестициялық қызметтің тиімділігіне баға беру, экономикалық талдау жасай білу; D) Нарық экономикасында фирманы, кәсіпорындарды басқару жүйесінде жоспарлардың мәні мен қажеттілігін көрсету; Е) Базалық және жалпы білімін, алған білімін тәжірибе жүзінде қолдану, бизнес-жоспар құруда экономикалық бөлімдердің барлық сұрақтарына жауап бере алу керек.

6.2 Модуль - Әлемдік қаржылық экономика

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Қаржы нарықтары және делдалдары
Бағдарлама авторы: Ахметова Г.И.
Курсты оқытудың мақсаты: қаржы нарығы мен оның инфрақұрылымдарын Қазақстан Республикасының даму ерекшеліктерімен есепке ала отырып, қаржы делдалдарының қызметімен, сонымен қатар әлемдік қаржы нарығының дамуын игеруде студенттердің теориялық және тәжірибелік жағынан даярлығын қамтамасыз ету.
Пәннің қысқаша мазмұны: Қаржы нарығының инфрақұрылымы мен құрамдас элементтері. Ақша нарығы және оның қаржы құралдары. Депозит нарық және оның қаржылық құралдары. Несие нарығының мәні және оның маңызы. Валюта нарығы және валюталық операциялар. Бағалы қағаздар нарығы, оның қызметі және құрылымы. Сақтандыру нарығы және оның Қазақстан Республикасында дамуы. Зейнетақы нарығының мәні мен маңыздылығы Қаржы делдалдығы және қаржы делдалдары. Мамандандырылған қаржылық-несиелік

институттар. Қор биржасы, қызметі және құрамы. Қаржы нарығын реттеу. Әлемдік қаржы нарығының құрылуы және дамуы. Әлемдік валюта нарығы . Халықаралық бағалы қағаздар нарығы. Әлемдік несие нарығы.
Пререквизиттері: Микро-макроэкономика, Экономика және бизнес негіздері, Менеджмент.
Постреквизиттері: Кәсіпорында бухгалтерлік есепті жүргізу, Кәсіпорын экономикасы.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Қаржы нарығы, Қаржы делдалдары, Депозит нарығы, Несие нарығы, Валюта нарығы, Бағалы қағаздар нарығы; дағды: қаржы нарығының теориялық негізі мен оның құрылымы туралы, қаржы нарығындағы қаржылық делдалдардың қызметін талдауда негізгі заңдылықтарын пайдалануын білу және түсіну; В) қаржы нарығындағы қаржы институттарының құрамы мен құрылымын талдау; С) әлемдік қаржы нарығының дамуы және қалыптасуы туралы, және құзіреттілік: қаржы нарығындағы қаржылық институттардың негізгі рөлін пайымдау; D) ҚР қаржы нарығын реттеуде тиімді жолдарын таңдау; Е) Қазақстанның қаржы нарығында болып жатқан процесстерді және олардың жалпы экономикалық дамуында ролін бағалау.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Әлемдік тауарлар нарықтары
Бағдарлама авторы: Миралиева А.Ж.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушылардың сыртқы нарықтарда стратегиялық және тактикалық сипаттағы шешімдер қабылдау үшін тауар конъюнктурасын зерттеу теориясы мен практикасын игеру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пән әлемдік тауар нарықтарының дамуы туралы идеяларды қалыптастыруға, осы нарықтардағы баға белгілеу заңдылықтары мен тенденцияларын анықтауға, экспорттық-импорттық қызметпен айналысатын фирмалардың табысты қызметінің маңызды шарты болып табылатын әлемдік тауар нарықтарын зерттеу әдістемесін игеруге бағытталған.
Пререквизиттері: Микро-макроэкономика, Халықаралық экономикалық интеграция.
Постреквизиттері: Әлемдік капитал нарығы, Халықаралық экономикалық қатынастар, Халықаралық сауда мен халықаралық тауар нарықтары.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) әлемдік тауар нарықтарының конъюнктурасын қалыптастыру заңдылықтарын білу; В) нақты әлемдік тауар нарықтарының конъюнктурасын көп вариантты зерттеуді жоспарлау және ұйымдастыру және олар бойынша болжамды бағалау беру; С) Қазақстанның негізгі әлемдік тауар нарықтарындағы позицияларын бағалау; D) негізгі халықаралық тауар сыныптамаларын пайдалану; Е) негізгі әлемдік тауар нарықтарының конъюнктурасын зерттеу әдіснамасын меңгеру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Кәсіпорында бухгалтерлік есепті жүргізу
Бағдарлама авторы: Иманбаева З.У.
Курсты оқытудың мақсаты: нарықтық экономика жағдайында әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы кәсіпорындарда бухгалтерлік есептің ұйымдастырылуын зерделеу.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курста бухгалтерлік есептің негізгі ұғымдары, бухгалтерлік бақылау объектілері келтірілген, қаржылық-шаруашылық операцияларды құжаттаудан бастап, оларды бухгалтерлік есеп түрінде жинақтауға дейінгі есеп беру процесінің кезеңдері сипатталады. Бухгалтерлік есептің теориялық және әдіснамалық аспектілері, бухгалтерлік есепте шаруашылық қызмет фактілерін көрсету тәсілдері мен тәсілдері зерттеледі.
Пререквизиттері: Микро-макроэкономика, Экономика және бизнес негіздері.
Постреквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Шаруашылық қызметін талдау.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) кәсіпорында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және оның әдіснамасы мәселелерін реттейтін нормативтік актілерді білу; В) ұйымдардың активтері мен міндеттемелерін есепке алу және бағалауды жүзеге асыру үшін нормативтік актілерді қолдана білу; с) ұйымның қаржылық есептілігін қалыптастыру үшін, басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін деректерді өңдеу; D) ұйымның қаржылық есептерін қалыптастыру үшін қажетті көрсеткіштерді есепке алу және есептеуді жүзеге асыру; Е) жоспарлардың бөлімдерін жасау үшін ұйымның шаруашылық операцияларын есепке алу және ұйымның қаржылық есептерін қалыптастыру әдіснамасын меңгеру.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Стартаптарды венчурлық қаржыландыру
Бағдарлама авторы: Байшукурова Ж.Ж.
Курсты оқытудың мақсаты: білім алушыларда стартаптарды құру және дамыту әдістемесі туралы тұтас түсінікті; стартаптарды қаржыландыру, басқарушы компаниялардың жобаларды іске асыруын бақылау жөніндегі несиелік ұйымдардың қызметі туралы білімдер жиынтығын қалыптастыру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Стартаптарды құру негіздері. Қазақстандағы инновациялық стартаптар. Стартаптың даму кезеңдері. Стартаптарға инвестициялар. Құралдар мен жобаларды басқару әдістемесін қолдана отырып стартаптар құру. Стартаптардың сапасын бағалаудың көп өлшемді моделі. Венчурлық қаржыландыру түсінігі. Венчурлық қаржыландырудың ерекше белгілері. Қаржыландырылған жобаның тиімділігін бағалау. Қаржыландырылған жобаның даму циклі. Инвестиция аспектілерін талдау. Қаржыландыру

көздерін анықтау. Инвестициялық жобаны қаржылық бағалау. Қаржыландырылған жобаны бақылау. Жобаны жоспарлау.

Пререквизиттері: Микро-макроэкономика, Экономика және бизнес негіздері, Шағын және орта бизнесті басқару (ағылшын тілінде).

Постреквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Жобаларды басқару.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) стартап-жобаларды қаржыландырудың мәнін, оның түрлерін, дамудың тарихи алғышарттарын білу; B) қаржыландырылатын инвестициялық жобаның өмірлік циклінің кезеңін анықтай білу; C) қаржыландырылатын жобалардың тиімділік көрсеткіштерін есептеу дағдыларын меңгеру; D) жобалық және венчурлік қаржыландырудың, қаржыландырылатын жобаны қаржылық құрылымдаудың негізгі және әлеуетті қатысушылары арасында тәуекелдерді бөлу әдістерін жүйелеу; E) экономикалық ақпараттың үлкен көлемін талдап, стандартты емес жағдайда шешім қабылдауы керек.

6B04101 – ЭКОНОМИКА
3 курс

Компонент	Пән коды	Пәннің атауы	Семестр	Кредит саны
7.1 Модуль - Экономикалық талдау, 15 кредит (Траектория - Кәсіпорын экономикасы)				
БП ЖК	KE 3214	Кәсіпорын экономикасы	5	5
БП ТК	ShTB 3215	Шығындарды талдау және басқару	5	5
БП ТК	BK 3216	Баға қалыптастыру	5	5
7.2 Модуль - Әлемдік шаруашылық, 15 кредит (Траектория - Әлемдік экономика)				
БП ЖК	KE 3214	Кәсіпорын экономикасы	5	5
БП ТК	AMGS 3215	Әлемдік мұнайгаз саласы	5	5
БП ТК	AKN 3216	Әлемдік капитал нарығы	5	5
8.1 Модуль - Бәсекеге қабілетті экономика, 15 кредит (Траектория - Кәсіпорын экономикасы)				
КП ЖК	AZh 3301	Академиялық жазу	5	5
КП ТК	KSUB 3302	Кәсіпорында сапаны ұйымдастыру және басқару	5	5
КП ТК	BK 3303	Бизнестегі келіссөздер (ағылшын тілінде)	5	5
8.2 Модуль - Мемлекеттің сыртқы саясаты, 15 кредит (Траектория - Әлемдік экономика)				
КП ЖК	AZh 3301	Академиялық жазу	5	5
КП ТК	HEK 3302	Халықаралық экономикалық қатынастар	5	5
КП ТК	DKZhT 3303	Дипломатиялық келіссөздерді жүргізудің тәсілдері (ағылшын тілінде)	5	5
9.1 Модуль - Экономикадағы нарықты басқару және дамыту салалары, 15 кредит (Траектория - Кәсіпорын экономикасы)				
БП ЖК	ZhME 3217	Жылжымайтын мүлік экономикасы	6	5
БП ТК	KTUB 3218	Кәсіпорында тәуекелдерді ұйымдастыру және басқару	6	5
БП ТК	ZhT 3219	Жобаларды талдау	6	5
9.2 Модуль - Әлемдік экономика, 15 кредит (Траектория - Әлемдік экономика)				
БП ЖК	ZhME 3217	Жылжымайтын мүлік экономикасы	6	5
БП ТК	HSHTN 3218	Халықаралық сауда мен халықаралық тауар нарықтары	6	5
БП ТК	ZhB 3219	Жобаларды басқару	6	5
10. Модуль - Кәсіпорында еңбекті талдау, 15 кредит				
БП		Өндірістік практика	6	5
КП ЖК	Kas 3304	Кәсіпкерлік	6	5
КП ЖК	ShKT 3305	Шаруашылық қызметін талдау	6	5

7.1 Модуль - Экономикалық талдау

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Шығындарды талдау және басқару

Бағдарлама авторы: Шакеева Д.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Шығындарды басқару рөлін кәсіпорынның экономикалық нәтижесін көтеру факторы ретінде анықтау; шығындарды басқарудың негізгі тәсілдерін анықтау; кәсіпорында шығындарды бақылаудың еспке алу құралдарын және экономикалық пен техникалық негізгі тәсілдерді анықтау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Өнім шығымдары, шығындары, өзіндік құны. Әртүрлі белгілері бойынша шығымдарды саралау. Шикізатқа, материалдарға, еңбекке ақы төлеуге жұмсалған шығындарды басқару. Ғылыми зерттеулер мен тауарларды жасауға жұмсалған шығындарды басқару. Компаниядағы шығындарды

төмендету саясаты. пәнінің мақсаты - кәсіпорындардың пайдасын өсіру үшін шығындарды басқарудың құралдары мен тәсілдерін анықтау.
Пререквизиттері: Микро- макроэкономика, Бухгалтерлік есеп және аудит, Бизнес-жоспарлау.
Постреквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Шаруашылық қызметін талдау.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) шығындардың пайда болу факторлары, олардың құрылымын және жіктелімін білуі, В) материалдық ресурстар мен өндірістік босалқы қорларды басқаруды, шығынды басқару жүйесін, шығындарды басқару әдістерін, шығындарды жоспарлауды, орындау С) шығындар есебін ұйымдастыру және өнімнің өзіндік құнының қалыптасуын, өзіндік құнды және оны калькуляциялауды, шығындарды талдау мен бақылауды, нарық жағдайындағы шығындарды басқарудың шетелдік тәжірибесін, шығындарды төмендету жолдарын қарастыру. D) Шығындардың пайда болу факторларын, Шығындар құрымы, Материалдық ресурстар, Шығындарды басқару жүйесін, Шығындарды басқару әдістерін интеграциялау. Е) Шығындарды жоспарлау, Шығындарды калькуляциялау, Шығындар есебін ұйымдастыру, Шығындарды басқаруды бағалау.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Баға қалыптастыру
Бағдарлама авторы: Ибрашева А.Ж.
Курсты оқытудың мақсаты: Пәнде мемлекеттің әр түрлі саласындағы баға саясаты мен баға қалыптасуының нарықтық механизмінің теориялық негіздері мен практикалық (сарамандық) әдістері зерделенеді. Бағаны белгілеумен байланысты сұрақтарды жан-жақты зерделеу студенттерге өте тиімді және бәсекеге жарамды, экономикалық мемлекет жүйесін құру бойынша міндеттерді оңтайлы шешу жолдарын түсінуге және меңгеруге мүмкіндік береді.
Пәннің қысқаша мазмұны: Нарықтық экономикадағы баға түсінігі және оның мәні, бағақалыптасу әдістемесінің ғылыми негізі, нарыққа көшу жағдайында баға жүйесінің мінездемесі, өнімнің өзіндік құны бағаның басты құрылымы, Қазақстандағы мемлекеттің баға саясаты, отын-энергетика кешеніндегі бағақалыптасу, металлургия кешеніндегі баға қалыптасу, машина-құрылыс кешеніндегі бағаның қалыптасуы, агроөнеркәсіп кешеніндегі бағаның қалыптасуы, құрылыс өнімдеріне бағақалыптасу, көлік саласындағы тарифтердің қалыптасуы мен сала ерекшелігі, тұтынушы тауарларға қойылатын бөлшек бағалар, қоғамдық тамақтанудағы бағақалыптасу, қызмет көрсетудегі бағақалыптасу, әлемдік баға нарығы, ішкі сауда бағасы.
Пререквизиттері: Микро- макроэкономика, Бухгалтерлік есеп және аудит, Бизнес-жоспарлау.
Постреквизиттері: Кәсіпорын экономикасы, Жобаларды талдау.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) шығындардың пайда болу факторлары, олардың құрылымын және жіктелімін білуі, В) материалдық ресурстар мен өндірістік босалқы қорларды басқаруды, шығынды басқару жүйесін, шығындарды басқару әдістерін, шығындарды жоспарлауды, орындау С) шығындар есебін ұйымдастыру және өнімнің өзіндік құнының қалыптасуын, өзіндік құнды және оны калькуляциялауды, шығындарды талдау мен бақылауды, нарық жағдайындағы шығындарды басқарудың шетелдік тәжірибесін, шығындарды төмендету жолдарын қарастыру. D) Шығындардың пайда болу факторларын, Шығындар құрымы, Материалдық ресурстар, Шығындарды басқару жүйесін, Шығындарды басқару әдістерін интеграциялау. Е) Шығындарды жоспарлау, Шығындарды калькуляциялау, Шығындар есебін ұйымдастыру, Шығындарды басқаруды бағалау.

7.2 Модуль - Әлемдік шаруашылық

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Әлемдік мұнайгаз саласы
Бағдарлама авторы: Миралиева А.Ж.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушылардың теориялық білім жүйесін меңгеруі болып табылады.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курста экономика мен сыртқы энергетикалық саясат ажырамас байланыста қарастырылады. Бұл бағыт әлемдік мұнай-газ нарықтарының дамуына тарихи шолу жасайды. Әлемдік мұнай-газ саласын зерттеудің негізгі әдіснамалық тәсілдерін көрсетеді. Пән мемлекеттердің сыртқы саясатындағы энергетиканың рөліне әсер ететін әртүрлі факторларды жан-жақты талдауды ұсынады.
Пререквизиттері: Халықаралық экономика, Халықаралық экономикалық интеграция, Әлемдік тауарлар нарықтары.
Постреквизиттері: Халықаралық экономикалық қатынастар, Халықаралық сауда мен халықаралық тауар нарықтары.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Әлемдік және қазақстандық нарықтардағы бағалар конъюнктурасына әртүрлі саяси, экономикалық және технологиялық факторлардың әсері туралы түсінікке ие болу; В) Қазақстандық және әлемдік экономиканың даму үрдістерін білу; С) Мұнай мен газдың, мұнай мен газды өндіру мен тұтынудың әлемдік және отандық қорлары бойынша анықтамалық деректерді пайдалана білу; D) Ақпарат көздерін талдауды, анықтамалық материалды меңгеру және оларды практикалық жұмыста қолдану; Е) Мұнай барлау және мұнай өндіру мақсаттары үшін нәтижелі материалдарды түсіну және пайдалану.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Әлемдік капитал нарығы
Бағдарлама авторы: Якудина Р.С.
Курсты оқытудың мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты әлемдік қаржы нарықтары мен халықаралық қаржы институттарының жұмыс істеуі саласында теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру, қаржылық қатынастар саласындағы практикалық қызметте шешімдер қабылдау кезінде құзыретті тәсілге ықпал ететін экономикалық ойлауды тұжырымдау болып табылады.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс әлемдік капитал нарығының жұмыс істеуін, шетелдік капиталды инвестициялауды жүзеге асырудың негізгі тәсілдерін, шетелдік инвестицияларды тарту және реттеу саласындағы ҚР заңнамасының негіздерін қарастырады. Бұл пән білім алушылардың иелігіне әлемдік капитал нарықтарының динамикасын одан әрі дербес қадағалауға, олардың жай-күйін талдау бойынша дербес талдамалық жұмыс жүргізуге, инвестициялау тәуекелдерін бағалауға мүмкіндік беретін қажетті білім деңгейін береді.
Пререквизиттері: Халықаралық экономика, Халықаралық экономикалық интеграция.
Постреквизиттері: Халықаралық экономикалық қатынастар, Халықаралық сауда мен халықаралық тауар нарықтары.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) халықаралық қаржы нарықтарының теориялық негіздерін білу; B) қазіргі заманғы халықаралық қаржы қатынастары жүйесінде бағдарлай білу; c) әлемдік капитал нарығын зерттеудің өзектілігін, теориялық және практикалық маңыздылығын негіздеу; D) әлемдік капитал нарығы бойынша ақпарат алудың отандық және шетелдік көздерін пайдалану; E) әлемдік капитал нарығы саласында отандық және шетелдік ақпарат көздерін талдау әдістерін меңгеру.

8.1 Модуль - Бәсекеге қабілетті экономика

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Кәсіпорында сапаны ұйымдастыру және басқару
Бағдарлама авторы: Ибрашева А.Ж.
Курсты оқытудың мақсаты: Кәсіпорындарда өнім сапасы мен сапаны басқару мәселелерін ұтымды шешуге ықпал ететін әдістер мен құралдарды, әдістемелер мен модельдерді зерделеу және игеру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пән аясында нарықтық экономика жағдайында ұйымдар қызметінің тиімділік факторы ретінде қазіргі кезеңде ұйымдастыру мен сапаны басқарудың ең өзекті мәселелері қарастырылады. Сапаны басқару әдіснамасына, квалиметрияға және оны ұйымдар мен сапаны басқаруда практикалық қолдануға, сапа менеджменті жүйелерін жобалау мен ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуге, оларды дамыту мен жетілдіруге ерекше көңіл бөлінеді.
Пререквизиттері: Менеджмент, Кәсіпорын экономикасы.
Постреквизиттері: Кәсіпкерлік, Кәсіпорын қызметін жоспарлау.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) өнім сапасын қамтамасыз етудің түрлі модельдерін; статистикалық талдау мен сапаны бақылауды іске асыру әдістерін; сапаны жетілдіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру әдістерін білу; B) сапа шығындарын бағалай білу; C) кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында операцияларды басқарудың заманауи әдістерін қолдану; Д) практикалық қызметте сапа менеджменті жүйелерінің құрылымдарының, әдістемелерінің, процестері мен ресурстарының жиынтығын пайдалану; E) жұмыстар мен қызметтердің сапасын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу әдістерін пайдалану дағдыларын меңгеру.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Бизнестегі келіссөздер (ағылшын тілінде)
Бағдарлама авторы: Якудина Р.С.
Курсты оқытудың мақсаты: acquaintance of students with the basics of negotiation ethics, basic approaches to negotiation; training in the ability to prepare and conduct negotiations both individually and in a team; mastering the theoretical knowledge and the necessary practical skills in business communications, including personal communication culture and the ability to communicate with the team to achieve productive activities; familiarity with the basic techniques of discussion, persuasion; improving the communicative experience of students.
Пәннің қысқаша мазмұны: The course discusses the fundamental foundations of the negotiation process-an extremely important phenomenon of practical importance in the modern world. The psychology of business partnerships, the key problems of communication. The principles and techniques of business conversation, criticism, compliment. Much attention is paid to the preparation for negotiations, as well as models and the negotiation process itself.
Пререквизиттері: Менеджмент, Бизнес-жоспарлау.
Постреквизиттері: Кәсіпкерлік, Ұйымдағы персоналды басқару.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) theoretical foundations of business communications, structure, functions, types and forms of business communication; business communication technologies; B) know and observe ethical norms and principles of business communication; C) use business interaction technologies in management practice; use verbal and non-verbal means of communication; D) carry out business communication and public speaking, conduct

negotiations, meetings, carry out business correspondence and support electronic communications; E) ability to participate effectively in group work based on knowledge of group dynamics processes and team building principles.

8.2 Модуль - Мемлекеттің сыртқы саясаты

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Халықаралық экономикалық қатынастар
Бағдарлама авторы: Миралиева А.Ж.
Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларда халықаралық экономикалық қатынастардың формалары мен эволюциясы туралы теориялық білімдерін және әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында әлемдік экономикалық қатынастардағы күрделі құбылыстарды талдаудың практикалық дағдыларын қалыптастыру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс қазіргі заманғы халықаралық экономикалық қатынастар жүйесінің (ХЭҚ) негізгі проблемалары бойынша құзыреттерді қалыптастырады. ХЭҚ формалары мен көріністері зерттеледі; теория мен әдіснаманың мәселелері, өндіріс факторларының халықаралық қозғалысы. Капиталдардың әлемдік қозғалысы, трансұлттық корпорациялардың қызметі; халықаралық сауда ағындары; халықаралық валюта-қаржы қатынастары мәселелері қарастырылады. Халықаралық төлем және есеп айырысу баланстары; халықаралық жұмыс күші нарығы ұғымдарының мазмұны ашылады.
Пререквизиттері: Халықаралық экономика, Халықаралық экономикалық интеграция, Шет елдер экономикасы.
Постреквизиттері: Халықаралық сауда мен халықаралық тауар нарықтары, Сыртқы экономикалық қызметті кедендік реттеу.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) кәсіпорынның бухгалтерлік есебін оңтайлы ұйымдастыру үшін кәсіпорынның есеп саясаты ерекшеліктерін білу және түсіну; B) кәсіпорында құжаттар айналымын дұрыс ұйымдастыру; есепті дұрыс ұйымдастыру; өндірісте дайын өнім және оны өткізу есебін құрастыра білу; C) бухгалтерлік операцияларды қаржылық рәсімдеу; есептің стандарттарына сәйкес қаржылық есептемені құрастыру және ұсыну; логистикада қолданылатын бухгалтерлік ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеуді меңгеру; D) өндіріс кешенінде есепті және есеп беруді ұйымдастыруды тәжірибеде пайдалана алу; E) курс бойынша алынған теориялық білімді нығайту және логистикада қолданылатын бухгалтерлік ақпараттарға талдау, сараптау жұмыстарына қатысты іс-тәжірибелік дағдыларды дарыту

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Қаржылық бақылау және мемлекеттік аудит
Бағдарлама авторы: Токтарова М.А.
Курсты оқытудың мақсаты: Ұйымдардағы қаржылық бақылау мен аудитті жүргізудің әдістері және қағидаларымен танысу; бақылаудың жалпы теориялық бекітілген әдістері мен процестерін пайдалану базасында қаржылық бақылау мен аудитті жүргізу бойынша өздік жұмыстарының дағдыларын дамыту; ішкі бақылау жүйелерін талдау және түсіну құжаттардың талдау тәртібін үйрену және тексеру актілері мен аудиторлық есепті құру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқыту барысында білім алушы қаржылық бақылаудың мәні, пәні және нысандары мен қаржылық бақылаудың халықаралық тәжірибесін сондай-ақ бақылау-ревизиялық жұмысты ұйымдастыруды үйренеді. Мемлекеттік қаржылық бақылауды ұйымдастыруды, қаржылық бақылаудың нормативтік-құқықтық және ақпараттық негіздерін, қаржы-шаруашылық бақылаудың ғылыми-әдістемелік жүйесі қамтамасыз етіледі. Банктік және есеп айрысу операцияларын бақылау және тексеру жүйесімен таныстыру шаралар жүргізіледі. Негізгі құралдар мен тауарлы материалдық құндылықтарды бақылау мен тексеру,сатып алу циклінің функционалды аудиті және тауарлы-материалдық қорларды тексеру үйретіледі. Төлем циклі мен ақша жүйесі зерттеледі.Ақша ревизиясының жергілікті аудиті қалай жүзеге асырылатыны анықталады. Жүйелі бақылау мен инвестиция аудиті мен дебиторлық берешектің аудиттік құрылымы,арнайы бақылау бақылау және міндеттемелер аудиті таныстырылады.
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Практикалық аудит , Кәсіпорын құнын бағалау
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) Қаржылық бақылау және мемлекеттік аудит пәні саласының жалпы формаларын, үлгілерін, құралдарын анықтау мүмкіндігі; B) есепке алу жүйесі және мемлекеттік аудит мониторингі; Пәндік облыстың тілін сауатты қолдану мүмкіндігі; C) Қаржылық бақылау мен аудитті өз бетінше жүргізе алады, материалдарды сот және тергеу органдарына тиісті жағдайларда беруді бақылайды; D) ақшалай қаражаттар мен босалқылардың жетіспеушілігін және ұрлану нәтижелерін қалыптастыру бойынша құқықтық қызметтің жұмысына қатысу; E) Мемлекеттік бақылау жүйесінің деңгейін көтеру бойынша кәсіпорынды басқару бойынша ұсыныстарды әзірлеу;

7.2 Модуль - Мемлекеттік аудит (Траектория - Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп және аудит)

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Басқару есебі
Бағдарлама авторы: Иманбаева З.Ө.
Курсты оқытудың мақсаты: курстың мақсаты менеджрлерге басқару функцияларын орындау үшін экономикалық ақпарат беру, жоспарлау, үйлестіру, бақылау, талдау, басқару шешімдерін қабылдау, ынталандыру, байланыс.
Пәннің қысқаша мазмұны: Басқару есебі және талдау курсында экономикалық зерттеу әдістерінің жалпы сипаттамасын, басқару есебі мәліметтерін жинақтау және топтауды және талдауды меңгереді. Басқару есебінің берілгендерін, шығындар туралы жалпы түсінікпен таныса отырып, шығындардың жіктелуі, олардың пайда болуы, қнімнің өзіндік құны туралы ақпараттар жинай алады. осы ақпараттардың негізінде басқару талдауын жүргізуді меңгертеді.
Пререквизиттері: бухгалтерлік есеп негіздері, экономикалық теория
Постреквизиттері:Кәсіпорын қаржысын басқару, Кәсіпорында іс жүргізу және ұйымдастырушылық мінез-құлық
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) жеке пәндік саланың жалпы формаларын, үлгілерін, құралдарын анықтау мүмкіндігі; қойылған міндетті түсіну қабілеті; нәтижені қалыптастыру қабілеті; тұжырымды дәлелдеу мүмкіндігі; B) көрсетілген нәтиженің салдарын өз бетімен көру қабілеті; тапсырмаларды тұжырымдау кезінде бағыт табу мүмкіндігі; классикалық мәселелердің дұрыс тұжырымдарын білу; C) кассалық операцияларды есепке алу үшін бастапқы құжаттарды, есепті тұлғалармен есептесуді, шот-фактураларды, тауарларды шығару шот-фактураларын толтыру; ұйымның активтері, міндеттемелері мен капиталдарының бар болуы мен қозғалысын есепке алу бойынша жұмыс жүргізу және оның экономикалық және қаржылық қызметінің нәтижелерін анықтау; D) құжаттарды есепке алу құжаттарының кестесін түсіну; қолма-қол ақшамен және банктік операциялардың әдіснамасына ие болу; қолма-қол ақшамен жұмыс жасау дағдылары; операцияларды есепке алудың типтік шотаралық байланыстары; аванстық есептерді уақтылы ұсынуды қадағалау; іссапар шығыстарын және операциялық-шаруашылық қажеттіліктері үшін шығындарды есептеу; E) өзіндік құнды анықтау үшін түскен пайданың және қор құнын бағалау үшін шығындардың классификациясы; шешім қабылдау, жоспарлау және болжау кезінде ескерілетін шығыстардың классификациялық топтары; шығыстарды есепке алудың заманауи әдістері және өндіріс шығындарын есептеу.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Мемлекеттік аудит
Бағдарлама авторы: Демеуова Г.К.
Курсты оқытудың мақсаты: бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды және жүргізуді, ішкі бақылау жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуін тәуелсіз бақылау ретінде аудитті жоспарлау, жүргізу, студенттерде сенімді теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру, оның сенімділігі тұрғысынан қаржылық есептілік жасау, заңның сақталуын тексеру, аудит нәтижелерін есепке алу, аудиттің халықаралық стандарттарын меңгеру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқыту барысында білім алушы стандарттарға сәйкес мемлекеттік аудиттің және мемлекеттік аудиттің жалпы міндеттері қандай түрде жүзеге асатынын анықтайды. Сонымен бірге, мемлекеттік аудит органдары мен олардың Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің құзыретімен танысады. Мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын талаптар мен Мемлекеттік аудитті жоспарлау және түрлері,нәтижелерін толтыру және ұсыну тәртібін анықтайды.
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп, Бюджеттік есеп және есептілік
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) Сыни тұрғыдан ойлауға негізделген ұтымды шешімдер қабылдау үшін алынған ақпарат пен тәжірибені қолдана алады; B) қолданыстағы салық заңнамасы және оның қаржылық шешімдер қабылдау үшін жоспарланған өзгерістері аясында меншіктің әртүрлі нысандарындағы ұйымдардың қаржылық және бухгалтерлік есептерін, сондай-ақ салық салдарларын бағалайды және түсіндіреді; C) өзін қаржылық және салық заңнамасына еркін бағдарлайды; D) мемлекеттік заң негізінде аудиторлық және аудиторлық қызметті ұйымдастырады және жүргізеді; Осындай іс-шараларға олардың өкілеттіктерін ескере отырып бағдарламалар жасайды; есептілік пен құжаттаманы егжей-тегжейлі түсінуге, дәлсіздіктер мен жасыруларды анықтауға; E) Интеграцияланған ғылыми әдістер негізінде мемлекеттік бақылау және аудит саласындағы ақпаратты талдайды, синтездейді және сыни тұрғыдан түсіндіреді.

8.1 Модуль - Бизнесті бағалау және талдау (Траектория - Экономиканың нақты секторындағы бухгалтерлік есеп және аудит)

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Бизнестегі халықаралық маркетинг
Бағдарлама авторы: Басшиева Ж.Қ.

Курсты оқытудың мақсаты: Пән әлемдік, халықаралық және жергілікті маркетингтің мәнін зерттейді; сыртқы нарықтағы маркетингтік қызметтің ерекшеліктерін; сыртқы нарықта маркетингтік зерттеулерді жүзеге асыру ерекшеліктері; экономикалық тұрақсыздық жағдайында трансұлттық компаниялар қолданатын маркетинг әдістері, әдістері мен құралдары, инновациялық маркетинг стратегияларын зерттеуді үйретеді.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пәннің негізгі мақсаты студенттерге халықаралық маркетингті бизнеске енгізудің теориялық принциптерін, элементтерін, әдістерін оқып үйрену және оларды белгілі шетелдік және отандық фирмалар қызметінің мысалдары бойынша қолданудың практикалық дағдыларын меңгеру болып табылады. Пәннің міндеттері келесі мәселелер бойынша білімді зерттеу және жүйелеу болып табылады: сыртқы нарықты талдау және компанияның осы нарыққа шығу мүмкіндігін; халықаралық маркетингтік орта; халықаралық маркетингтік зерттеулердің ерекшеліктері; компаниялардың сыртқы нарыққа шығу стратегиясын анықтау; халықаралық маркетинг кешенін зерттеу; сыртқы нарықтағы әрекеттерді жоспарлау мен бақылауды ұйымдастыру принциптері мен әдістері
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп, Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп, Ауылшаруашылығындағы бухгалтерлік есеп
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Кәсіпорынның маркетингтік қызметін ұйымдастыруда сауатты шешімдерді әзірлеу үшін маркетинг саласындағы іргелі білім мен дағдыларды қолданады, В) Маркетингтік зерттеулер жүргізу әдістерін қолданады: маркетингтік мәселелерді шешу үшін бастапқы және қосымша ақпаратты жинау, талдау, есеп беру, Шығармашылық ойлау дағдыларын меңгереді және жасайды. , жаңа түпнұсқа идеяларды табады , стандартты емес әдіспен мәселелердің шешімін сәтті табады, кез келген мәселені шешуге шығармашылықпен қарай алады, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға ұмтылады. **С)** Бизнестегі халықаралық маркетингтің негізгі түсініктерін меңгеру; Халықаралық маркетингте маркетингтік технологияларды жүйелі және егжей-тегжейлі зерттеу үшін білімге ие болу; Бизнесте халықаралық маркетингті басқарудың заманауи әдістерін меңгеру; D) Халықаралық маркетингтің негізгі ұғымдары, принциптері, халықаралық нарықты сегменттеу және белгілі бір елдің нарығына қатысты маркетинг кешенін әзірлеу және т.б. бойынша коммуникация саласындағы дағдылар; кәсіпорын қызметінде халықаралық маркетинг стратегияларын қолдану Е) Теориялық білімді пайдаланып талдау әдістемесін іске асыру; еңбек өнімділігін арттырудың басты факторларын білу; талдау нәтижелерін шаруашылықтық қызметте ең көп тиімділікпен қолдану; пайда мен рентабельділік көрсеткіштеріне талдау жасау және т.б.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Бизнесті бағалау
Бағдарлама авторы: Демеуова Г.К.
Курсты оқытудың мақсаты: Бизнесті бағалаудың әдістемелік ережесі. Бизнесті бағалаудың негізгі принциптері және құн түрлері.Бағалау процесінде ақпараттарды дайындау. Бағалау процедурасы. Бизнесті бағалауда табыстық тәсіл. Бизнесті бағалауда салыстырмалы тәсіл. Бизнесті бағалауда шығындық тәсіл. Экономикалық пайда концепциясына негізделген компания құнын басқару мен бағалау әдістері. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау. Жер учаскесінің құнын бағалау. Жылжымайтын мүлікті бағалау. Кәсіпорындардың құралдары мен машиналарының құнын бағалау. Кәсіпорында айналым капиталының құнын бағалау. Кәсіпорынның материалдық емес активтерін бағалау. Шет ел тәжірибесімен бизнес құнын бағалау.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курста бизнесті бағалаудың мазмұны мен негізі мақсаты осы құқықтардың бос нарықта болымды деген бағасынан сатылуын есептеу сонымен қатар, приватизациялау процесі, қорлық нарықтық сақтандыру жүйесінің дамуы, коммерциялық банктердің кепілдігін несие беруі, жаңа қызметті құрады- ол бизнесті бағалау, оның капиталының нарықтық құнын анықтау әдістерін меңгереді.
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Аудит теориясы
Постреквизиттері: Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп, Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп, Ауылшаруашылығындағы бухгалтерлік есеп
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Төмендегі ұғымдар жөнінде түсініктері болуы тиіс: бизнесті бағалау мәнісімен керектігі; бағалау субъектісі ретінде бизнес пен кәсіпорын ерекшеліктері; құндық бағалаудың логикалық теориясы; бағалау кездегі анықталатын құн түрлері; Қ.Р. «Жер туралы» заңы және т.б. В) бизнестің бағалауда шығындық әдісі; бағалау үшін шарт жасау; жылжымайтын мүлікті бағалау;өндірістік айналым қорды бағалау; кәсіпорынның құралдары мен машиналарын бағалау; материалдық емес активтерді бағалау және т.б. С) теориялық білімді пайдаланып талдау әдістемесін іске асыру; еңбек өнімділігін арттырудың басты факторларын білу; талдау нәтижелерін шаруашылықтық қызметте ең көп тиімділікпен қолдану; пайда мен рентабельділік көрсеткіштеріне талдау жасау және т.б.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Кәсіпорынның қаржылық қызметін талдау
Бағдарлама авторы: Тлеукабылова К.Б.
Курсты оқытудың мақсаты: кәсіпорынның қаржылық жағдайына кешендік талдау жүргізу арқылы студенттерге қажетті теориялық білім мен тәжірибиелік дағдылардың жиынтығын беру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курста кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау пәні мен әдістері, экономикалық талдаудың әдістері мен тәсілдерін зерттеу дағдылары қалыптастырылады. Қаржылық жағдайды

талдаудың ақпараттық базасы, мәні мен міндеттері және де кәсіпорын активтерін,міндеттемелерді және акционерлік капиталды талдау меңгеріледі. Сонымен қатар, баланс өтімділігі, іскерлік белсенділік және қызмет тиімділігі талданады. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылығы, табыстылығы мен банкрот болу ықтималдығына талдау жасалады.
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Экономикалық теория
Постреквизиттері: Кәсіпорын қаржысын басқару, Кәсіпорын құнын бағалау
Оқытудан күтілетін нәтижелер:А) Кәсіпорынның қаржысы, Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық қызметі, Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін талдауда және кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын анықтауда түсініктер қалыптастыру; В) қаржылық талдау әдістері мен тәсілдерін, қаржылық талдаудың ақпараттық базасын, бухгалтерлік баланстың экономикалық оқылуын және қаржылық жағдайды талдай отырып тұжырым жасауға үйрету; С) кәсіпорынның ақпараттық базасы арқылы теориялық және тәжірибелік тұрғыда кешенді талдауды жүзеге асыру мүмкіндігі. D) зерттеу жұмысын жазуда құжаттарды пайдалана отырып, өз ойларын жүйелеп айтуға, талдау жұмыстарын сауатты жазуға дығдыландыру және ақпараттық құралдар туралы көзқарасын жеткізе білуге үйрету; Е) болашақ кәсіби маман ретінде кәсіпорынның қаржылық жағдайына кешенді талдау жүргізуге машықтандыру.

8.2 Модуль - Сыртқы экономикалық қызметті талдау (Траектория - Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп және аудит)

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Халықаралық бизнес жобаларды басқару
Бағдарлама авторы: Игильманова С.И.
Курсты оқытудың мақсаты: Түрлі мүдделі тараптармен қарым-қатынас, олардың мәдени айырмашылықтары, компания мен оның өнімдеріне деген сенімділік, туындаған жанжалдарды шешу мәселелері, халықаралық жоба командасы ішіндегі қарым-қатынастар, виртуалды топтарда жұмыс жасау, мәдениетаралық коммуникация, ынтымақтастық құрылымының дамуы – халықаралық жобаларды басқарудың негізгі сұрақтарын қарастыру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Халықаралық бизнес-жобаларды басқару мәселелері дәстүрлі жобалаларды басқарудан түбегейлі ерекшеленетіндіктен және қосымша білім мен дағдыларды қажет ететіндіктен, бұл пәнді оқытуда жобаны жүзеге асырудың халықаралық контексттегі сұрақтары, атап айтқанда, жобалық менеджменттің жаһандық аспектілері, халықаралық контекст тұрғысынан жобаларды жоспарлау әдістемесі, халықаралық жобалардағы коммуникацияның ерекшеліктері, халықаралық жобаларда виртуалдық ортада жұмыс жасау ерекшеліктері зерттеледі. Сонымен қатар, пәнді оқып-үйрену білім алушының бойында жоба тобының мүшелері мен мүдделі тараптардың халықаралық жобаға тартылуы мен ынтымақтастық дағдыларының қалыптасуына мүмкіндік береді.
Пререквизиттері: Басқару есебі, Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Көлік кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп, Мұнайгаз секторындағы бухгалтерлік есеп, Саудадағы бухгалтерлік есеп
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) жобалардың жаһандық сипатта болуға дайындық деңгейін бағалай білу; халықаралық жобаларды басқару саласындағы нақты білімдер аясын меңгеру; В) халықаралық ортададағы қызметті анықтайтын мәдени интеллектті бағалай білу; сенімділік пен жанжалдардың халықаралық жобаларға тигізетін ықпалдарын түсіну және білу С) командалық ынтымақтастық пен мүдделі тараптардың өзара әрекеттестігін жетілдіруге мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдерді білу; виртуалды жобалық команда мүшелерінің ынтымақтасу мүмкіндіктерін білу; D) көшбасшылық пен коучингті жаһандық команданы қолдау үшін қолданудың әдіс-тәсілдерін білу; жаһандық жобалардағы өзара әрекеттестік бағыттары мен ұйымдастыру сұрақтарын білу; Е) жобаның виртуалды мульти-мәдени командасын басқару құралдарын түсіну және қолдана білу; халықаралық мульти-мәдени жоба командасын басқару стратегиясын құра білу.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Кәсіпорын құнын бағалау
Бағдарлама авторы: Демеуова Г.К.
Курсты оқытудың мақсаты: Кәсіпорын құнын бағалаудың әдістемелік ережесі. Кәсіпорын құнын бағалаудың негізгі принциптері және құн түрлері. Бағалау процесінде ақпараттарды дайындау. Бағалау процедурасы. Бизнесті бағалауда табыстық тәсіл. Кәсіпорын құнын бағалауда салыстырмалы тәсіл. Бизнесті бағалауда шығындық тәсіл. Экономикалық пайда концепциясына негізделген компания құнын басқару мен бағалау әдістері. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау. Жер учаскесінің құнын бағалау. Жылжымайтын мүлікті бағалау. Кәсіпорындардың құралдары мен машиналарының құнын бағалау. Кәсіпорында айналым капиталының құнын бағалау. Кәсіпорынның материалдық емес активтерін бағалау. Шет ел тәжірибесімен бизнес құнын бағалау.
Пәннің қысқаша мазмұны: Білім алушы осы пәнді меңгеру барысында бизнесті бағалаудың мазмұны мен негізі мақсаты осы құқықтардың бос нарықта болымды деген бағасынан сатылуын есептей отырып, приватизациялау процесі, қорлық нарықтық сақтандыру жүйесінің дамуы, коммерциялық банктердің кепілдігін несие беруі, жаңа қызметті құрады- ол бизнесті бағалау, оның капиталының нарықтық құнын анықтау әдістерімен танысады.

Пререквизиттері: Басқару есебі, Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Көлік кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп, Мұнайгаз секторындағы бухгалтерлік есеп, Саудадағы бухгалтерлік есеп
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Төмендегі ұғымдар жөнінде түсініктері болуы тиіс: бизнесті бағалау мәнісімен керектігі; бағалау субъектісі ретінде бизнес пен кәсіпорын ерекшеліктері; құндық бағалаудың логикалық теориясы; бағалау кездегі анықталатын құн түрлері; Қ.Р. «Жер туралы» заңы және т.б. В) бизнестің бағалауда шығындық әдісі; бағалау үшін шарт жасау; жылжымайтын мүлікті бағалау;өндірістік айналым қорды бағалау; кәсіпорынның құралдары мен машиналарын бағалау; материалдық емес активтерді бағалау және т.б. С) теориялық білімді пайдаланып талдау әдістемесін іске асыру; еңбек өнімділігін арттырудың басты факторларын білу; талдау нәтижелерін шаруашылықтық қызметте ең көп тиімділікпен қолдану; пайда мен рентабельділік көрсеткіштеріне талдау жасау және т.б.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Сыртқы экономикалық қызметінің есебі және талдауы
Бағдарлама авторы: Токтарова М.А.
Курсты оқытудың мақсаты: «Сыртқы экономикалық қызметті есепке алу және талдау» пәні аудиторияны сыртқы сауда операцияларын есепке алуды ұйымдастыру мен жүргізудің ерекшеліктері туралы, сондай-ақ валюталық операцияларды аудиторлық тексеруге мүмкін болатын тәсілдер туралы түсінік қалыптастыруға арналған.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқыту келесі мәселелер бойынша сыртқы экономикалық қызметті есепке алу, талдау және аудит саласындағы жоғары кәсіби білімнің Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын орындауды қамтамасыз етеді: - валюта заңнамасының негіздері және валюталық операциялар принциптері; - сыртқы экономикалық қызметті есепке алуды ұйымдастырудың және реттеудің ерекшеліктері; - қолма-қол шетел валютасымен операцияларды есепке алу мен аудиттің ерекшеліктері; - шетел валютасын сатып алу-сату операцияларын қоса алғанда, валюталық шоттар бойынша операцияларды тексеру әдістері; - шетелге іссапарға шығатын есеп берушілермен есеп айырысуды ұйымдастыру және тексеру ерекшеліктері; - экспорттық және импорттық операцияларды тексеру әдістері.
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп, Бюджеттік есеп және есептілік
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) жинақталған ақпарат пен тәжірибені сыни тұрғыдан ойлауға негізделген ұтымды шешім қабылдауға қолдана алады; В) қолданыстағы салық заңнамасы және оның қаржылық шешімдер қабылдау үшін жоспарланған өзгерістері шеңберінде меншіктің әртүрлі формасындағы ұйымдардың қаржылық және бухгалтерлік есептерін, сондай-ақ салық салдарын бағалайды және түсіндіреді; С) өзін қаржылық және салық заңнамасына еркін бағыттауға;D) мақсатқа сәйкес пәнді оқытудың басты мақсаты студенттердің теориялық негіздерін игеруі және нарықтық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы жағдайында сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырумен байланысты операцияларды есепке алу мен аудиттің практикалық дағдыларын игеруі болып табылады; Е) интеграцияланған ғылыми әдістер негізінде мемлекеттік бақылау және аудит саласындағы ақпаратты талдайды, синтездейді және сыни тұрғыдан түсіндіреді. Алға қойылған міндеттерді ойдағыдай шешу үшін сыртқы экономикалық қызметті есепке алу мен аудиттің сипатын, мазмұны мен әдістемесін анықтайтын негізгі заңнамалық және нормативтік құжаттар зерттелуі керек.

9.1 Модуль -1С: Бухгалтерия және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (Траектория - Экономиканың нақты секторындағы бухгалтерлік есеп және аудит)

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Шоғырландырылған есеп және есептілік
Бағдарлама авторы: Сексенова А.Т.
Курсты оқытудың мақсаты: Қазіргі уақытта көптеген кәсіпорындар бәсекеге төтеп беруі үшін, сапалы өнім шығаруы үшін, бизнестерін біріктіреді. Бұл курста стубілім алушылар негізгі кәсіпорын, еншілес кәсіпорын, тәуелді кәсіпорын сияқты түсініктермен танысып қана қоймай, олардың есебінің ұйымдастырылуы, есебінің шоғырландырылуы (біріктірілуі) ерекшелігімен теориялық және тәжірибелік тұрғыда танысады.
Пәннің қысқаша мазмұны: Шоғырландырылған есеп және есептілік пәнін оқыту арқылы негізгі және еншілес заңды тұлғалардың шоғырландырылған есеп беруі мен негізгі және тәуелді заңды тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есеп беруі туралы толық түсінік ала алады. Сонымен бірге , студент бірлескен қызмет бойынша қатысулық үлесті қаржылық есеп беруде көрсетудің ерекшеліктері мен байланысқан тараптар туралы ақпараттарды ашу және т.б. жаңа ақпараттарды игереді.
Пререквизиттері: экономикалық теория, микроэкономика
Постреквизиттері: квазимемлекеттік секторлардағы бухгалтерлік есеп, бюджеттік есеп және есептілік
Оқытудан күтілетін нәтижелер: біліктілік, дағды, және құзіреттілік:түсінігі болуға: А) Біліктілік:негізгі және еншілес заңды тұлғалардың шоғырландырылған есеп беруі; негізгі және тәуелді заңды тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есеп беруі; бірлескен қызмет бойынша қатысулық үлесті қаржылық есеп беруде көрсетудің ерекшеліктері; байланысқан тараптар туралы ақпараттарды; қаржылық есепті шоғырландыру туралы теориялық ақпараттарын тереңдету; В) Дағды: студенттерді қаржылық есептіліктің түрлері:

бухгалтерлік баланс, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептілік, табыстар мен шығыстар туралы есептіліктің шоғырландырылған есептерін құра алуы. С) Құзіреттілік: білім алушылардың дәріс сабақтарында алған шоғырландырылған қаржылық есептілікті құрудағы алған теориялық білімдерін тәжірибеде шоғырландырылған балансты, ақша қаражаттары туралы есептілікті және табыстар мен шығыстар туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікті құра білуі. D) шоғырландырылған есеп жүргізуде ақпараттарды пайдалана отырып, шешім қабылдай алау Е) шоғырландырылған есеп ақпараттарын талдау, мониторинг жасау.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Кәсіпкерлік құқық
Бағдарлама авторы: Саутбаева С.Б.
Курсты оқытудың мақсаты: құқықтық емес мамандықтардың студенттеріне арналған және Қазақстан Республикасының заңнамаларын, - Мемлекет және құқық туралы аса маңызды мәліметтерді қамтитын кешенді оқу пәні. Бұл пән қоғамдық өмірдің түрлі салаларында азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттерін зерттейді.
Пәннің қысқаша мазмұны: пәнді оқыту барысында кәсіпкерлік құқық салаларының негіздерін құрайтын ұғымдар мен құқықтық нормалар, қазақстандық құқық жүйесі, мемлекет теориясының негіздері, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары, азаматтың құқықтық мәртебесі, конституциялық құрылыс негіздері, әкімшілік құқық негіздері, еңбек құқығы негіздері, отбасылық құқық негіздері, қылмыстық құқық негіздері, заңдық жауапкершілік ұғымдарымен танысады.
Пререквизиттері:Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология), Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы
Постреквизиттері: Қаржы органдарындағы бухгалтерлік есеп, Микро және макроэкономика негіздері
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) Қазақстандық кәсіпкерлік құқық жүйесін білу және түсіну B) азаматтық және еңбек құқықтық қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды практикада пайдалану C) ҚР кәсіпкерлік құқықтық жүйесі туралы пікір шығару, идеяларды бағалау және тұжырымдарды қалыптастыру қабілеті D) кәсіпкерлік құқықтық мәдениетті жетілдіру саласындағы іскерліктер Е) кәсіпкерлік дауларды шешу бойынша жағдайларда құқық нормаларын қолдану саласындағы іскерліктер.

9.2 Модуль - Мемлекеттік бюджет (Траектория - Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп және аудит)

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Мемлекеттік бюджет
Бағдарлама авторы: Таскарина Б.М.
Курсты оқытудың мақсаты: бюджеттік және қазыналық қатынастардың құрылу үдерістерінің теориялық және тәжірибелік талдауы негізінде республикалық және жергілікті деңгейлерде бюджеттік қатынастардың ұйымдастыру, жоспарлау және басқару саласындағы білімді игерулеріне студенттерді машықтау.
Пәннің қысқаша мазмұны: бұл курс студенттерге мемлекеттік бюджеттің экономикалық мәні мен мазмұнын түсінуге, кірістер мен шығыстарын жоспарлауды зерттеуге, бюджет тапшылығын қаржыландыруға қаражат тарту механизмін зерделеуге, бюджеттік үдерісті ұйымдастырудың негіздерін түсінуге, бюджеттерді құруға, шолуға, бекітуге және орындауға мүмкіндік береді.
Пререквизиттері: Экономикалық теория, макроэкономика, қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Салықтық және салық салу, қаржылық бақылау және аудит
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) бюджет және бюджет жүйесі түсінігі, бюджеттің құрамы мен құрылымы, бюджеттің қызметтері, Қазақстан Республикасы бюджеттік қалыптасуының негіздері, бюджет жүйесінің құрылымының құрамы мен қағидалары, сондай-ақ бюджет жүйесі және оның қызметтерін басқарудың органдары туралы білімін және түсінігін қалыптастыру; B) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі, Республикалық және жергілікті бюджет жүйесінің басқару құрылымы, бюджет кірістері мен шығыстарының құрамы мен құрылымымен таныса отырып, олардың жұмыс жасау механизмін тәжірибе жүзінде іске асыру мен ұйымдастыра білу; C)жекелеген бюджет түрлері бойынша көрсеткіштерді қолдана отырып салыстырмалы талдауды жасауға, бюджеттің орындалуы және жүзеге асырылу нәтижелеріне сараптама жасауға, сонымен қатар ғылыми ізденістерде математикалық тәсілдер мен элементтерді қолданып, бюджеттің нәтижелерін бағалай білу. D) Ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасаудың түрлі формаларын кәсіби деңгейде қолдана білуге дағдыландыру. Е) бюджет жүйесіне аналитикалық шолу жасағанда қарастырылған ақпаратты логикалық түрде мазмұндай отырып, зерттеу жүргізудің дағдыларын меңгеру.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Халықаралық бизнес құқығы
Бағдарлама авторы: Тайжанова Лаура Женисовна
Курсты оқытудың мақсаты: Пәннің мақсаты халықаралық экономикалық қатынастарды реттейтін нормаларды кәсіби тәжірибеде түсіндіру және қолдану қабілетін қалыптастыру. Халықаралық экономикалық құқықтың нақты салаларында халықаралық құқықтық актілердің мәнін түсіну және түсіндіру. Нормативтік актілерді құқықтық бағалау дағдыларын меңгеру, халықаралық экономикалық қатынастар саласында білікті құқықтық қорытынды шығару. Халықаралық экономикалық қатынастар саласындағы мемлекеттің, заңды

тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүдделері мен құқықтарын қорғау үшін Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасының тиісті нормаларын қолдануға. Халықаралық экономикалық қатынастар саласындағы ұлттық және халықаралық құқықтық актілерді түсіндіру және талдау жүргізу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Халықаралық экономикалық қатынастар жүйесіндегі халықаралық сауда. Халықаралық бизнес құқығының ұғымымен қайнар көздері. Халықаралық бизнестің тарифтік және бейтарифтік реттеу. Аймақтық интеграциялық құрылымдардың сауда-экономикалық қатынастарының ерекшеліктері. Халықаралық бизнес құқығының Субъектілері мен объектілері. Дүниежүзілік сауда ұйымы. ДСҰ жүйесіндегі халықаралық бизнес құқықтық негіздері. Халықаралық бизнес мәмілелерінің жалпы сипаттамасы. Халықаралық бизнес делдалдығы. Халықаралық бизнес өкілдігі. Халықаралық есеп айырысу. Халықаралық несиелік аударымдар және аккредитив. Инкассо және банктік кепілдіктер. Халықаралық факторинг. Халықаралық қаржылық лизинг. Тауарларды халықаралық тасымалдау. Халықаралық коммерциялық мәмілелер жасасудың ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері. Халықаралық саудадағы франчайзинг**.**

Пререквизиттері: Кәсіпкерлік құқық,Экономикалық теория негіздері

Постреквизиттері: Инвестициялық қызмет, Қаржылық жоспарлау және болжау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) халықаралық бизнес саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың маңызын, халықаралық құқықта басшылыққа алынатын құқықтық ұғымдар туралы түсінік қалыптастыру керек және конвенциялық құқық нормаларын қолдану тәртібін білуі қажет. В) Нормативті актілерге сүйене отырып халықаралық бизнес қатынастарына сипаттама (мінездеме) беру, терең түсінік ала отырып, білімін практикада қолдана білу. Халықаралық бизнес құқығы пәнін оқу барысында игерген білімді студент тәжірибеде шығармашылық түрде қолдана білуі. Сот, құқық қорғау органдарында, шаруашылық қатынастарда тәжірибе өту барысында алған дағдыларын қолдана білуі тиіс. С) Халықаралық бизнес қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерге қатысты ақпараттық-іздену қызметін жүзеге асыру. D) студенттердің өзіндік жұмысының нысаны ретінде халықаралық бизнес құқығы тәжірибесін жалпылайтын рефераттар, баяндамалар, эссе дайындау. Е) Білім алушылар сауда саттық саласында тәжірибелік дағдыларға ие болып, сауда құжаттарын (халықаралық құқықтық шарттар,талап арызды, шешімді, үйғарымды, сот қаулысын, сот бұйрығын және т.б.) сауатты құрастыра білуі тиіс.

6В04103-ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ
4 курс

Компонент	Пән коды	Пәннің атауы	Семестр	Кредит саны
10.1 Модуль - Кәсіпорынның есебі мен аудиті, 8 кредит				
БП ТК	KKB 4219	Кәсіпорын құнын бағалау	7	3
КП ТК	PA 4307	Практикалық аудит	7	5
10.2 Модуль - Бизнесті бағалау және бақылау, 8 кредит				
БП ТК	BB 4319	Бизнесті бағалау	7	3
КП ТК	KNBR 4307	Қаржы нарығын бақылау және реттеу	7	5
11.1 Модуль - Салалардағы бухгалтерлік есеп, 20 кредит				
КП ТК	KKBE 4308	Көлік кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп	7	5
КП ТК	MSBE 4309	Мұнайгаз секторындағы бухгалтерлік есеп	7	5
КП ТК	SBE 4310	Саудадағы бухгалтерлік есеп	7	5
КП ТК	AKBE 4311	Агроөнеркәсіп кешеніндегі бухгалтерлік есеп	7	5
11.2 Модуль - Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп, 20 кредит				
КП ТК	KTKBE 4308	Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп	7	5
КП ТК	KSBE 4309	Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп	7	5
КП ТК	BEE 4310	Бюджеттік есеп және есептілік	7	5
КП ТК	AShBE 4311	Ауылшаруашылығындағы бухгалтерлік есеп	7	5
12.1 Модуль – Қаржылық есептілікті шоғырландыру, 20 кредит				
КП ТК	KESh 4312	Қаржылық есептілікті шоғырландыру	7	5
БП		Өндірістік практика	8	10
БП		Дипломалды практика	8	5
12.2 Модуль – Практикалық есеп, 20 кредит				
КП ТК	KEHSBE 4312	ҚЕХС сәйкес бухгалтерлік есеп	7	5
БП		Өндірістік практика	8	10
БП		Дипломалды практика	8	5

10.1 Модуль - Кәсіпорынның есебі мен аудиті

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Кәсіпорын құнын бағалау
Бағдарлама авторы: Демеуова Г.К.
Курсты оқытудың мақсаты: Кәсіпорын құнын бағалаудың әдістемелік ережесі. Кәсіпорын құнын бағалаудың негізгі принциптері және құн түрлері. Бағалау процесінде ақпараттарды дайындау. Бағалау процедурасы. Бизнесті бағалауда табыстық тәсіл. Кәсіпорын құнын бағалауда салыстырмалы тәсіл. Бизнесті бағалауда шығындық тәсіл. Экономикалық пайда концепциясына негізделген компания құнын басқару мен бағалау әдістері. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау. Жер учаскесінің құнын бағалау. Жылжымайтын мүлікті бағалау. Кәсіпорындардың құралдары мен машиналарының құнын бағалау. Кәсіпорында айналым капиталының құнын бағалау. Кәсіпорынның материалдық емес активтерін бағалау. Шет ел тәжірибесімен бизнес құнын бағалау.
Пәннің қысқаша мазмұны: Білім алушы осы пәнді меңгеру барысында бизнесті бағалаудың мазмұны мен негізі мақсаты осы құқықтардың бос нарықта болымды деген бағасынан сатылуын есептей отырып, приватизациялау процесі, қорлық нарықтық сақтандыру жүйесінің дамуы, коммерциялық банктердің кепілдігін несие беруі, жаңа қызметті құрады- ол бизнесті бағалау, оның капиталының нарықтық құнын анықтау әдістерімен танысады.
Пререквизиттері: Басқару есебі, Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: өндірістік практика, дипломдық жоба
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) Төмендегі ұғымдар жөнінде түсініктері болуы тиіс: бизнесті бағалау мәнісімен керектігі; бағалау субъектісі ретінде бизнес пен кәсіпорын ерекшеліктері; құндық бағалаудың логикалық теориясы; бағалау кездегі анықталатын құн түрлері; Қ.Р. «Жер туралы» заңы және т.б. B) бизнестің бағалауда шығындық әдісі; бағалау үшін шарт жасау; жылжымайтын мүлікті бағалау;өндірістік айналым қорды бағалау; кәсіпорынның құралдары мен машиналарын бағалау; материалдық емес активтерді бағалау және т.б. C) теориялық білімді пайдаланып талдау әдістемесін іске асыру; еңбек өнімділігін арттырудың басты факторларын білу; талдау нәтижелерін шаруашылықтық қызметте ең көп тиімділікпен қолдану; пайда мен рентабельділік көрсеткіштеріне талдау жасау және т.б.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Практикалық аудит
Бағдарлама авторы: Тлеукабылова К.Б.
Курсты оқытудың мақсаты: Ішкі бақылау жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмысына тәуелсіз бақылау ретінде шаруашылық жүргізуші субъектілерді есепке алу, аудиттің практикалық аспектілері, қаржылық есептіліктің сенімділігі, субъектінің қолданыстағы заңнама мен аудитке сәйкестігін меңгеру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пәнді оқыту барысында білім алушы қорытынды қаржылық есеп аудитінің ақпараттық жүйесін, мақсаты мен тәсілдерін зерттейді. Сонымен қатар бұл курста сатып алу циклінің, өндіріс циклінің, өткізу және қаржылық нәтижелерді қалыптастыру циклінің аудиттерін қарастырады. Кәсіпорынның ақша қаражаттарының аудиті мен ұзақ мерзімді активтер аудитін , инвестициялау циклінің аудитін, сондай-ақ міндеттемелер мен капиталдың аудитіне талдау жүргізеді. Аудиттегі талдау, аудиттің қорытынды кезеңі және басқа да түрлерімен қатар жүретін қызметтерді меңгереді.
Пререквизиттері: Қаржылық есеп 1, Басқару есебі 1
Постреквизиттері: өндірістік практика, дипломалды практика.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) аудит теориясының мәні, мазмұны мен міндетін білу; аудит функциялары. B) аудиторлық қызметті реттеудің нормативтік жүйесі; аудитті ұйымдастырудың әдістемесі; аудиторлық процедураларды жүргізу және бағдарлама құру; C) Қаржылық есептілікті анықтай білу, Бухгалтерлік есеп және есептілік аспектілерін аудиторлық тексеруді ұйымдастыру және жоспарлау; аудиторлық тексерудің бағдарламасын дайындау; аудиторлық тексерудің нәтижесін жалпылау; Бастапқы ақпараттардың нақты болып, қаржылық жағдайды талдау. Өндіріс тиімділігінің деңгейін анықтау және бағалау, D) тақырып төңірегінде әңгімені жүргізе білу, ақпарат алмасу, баға бере білу, дискуссия жүргізу және оған белсене араласа білу, көпшілік алдында баяндама жасауда құзыретті болу.E) - аналитикалық кестелерді толтыра отырып және сәйкес қаржылыққоэффициенттерді есептеп, қаржылық есеп беруді оқудың негізгі ережелерін (талдау әдістемесін) қолдана білу;

10.2 Модуль - Бизнесті бағалау және бақылау

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Бизнесті бағалау
Бағдарлама авторы: Демеуова Г.К.
Курсты оқытудың мақсаты: Бизнесті бағалаудың әдістемелік ережесі. Бизнесті бағалаудың негізгі принциптері және құн түрлері.Бағалау процесінде ақпараттарды дайындау. Бағалау процедурасы. Бизнесті бағалауда табыстық тәсіл. Бизнесті бағалауда салыстырмалы тәсіл. Бизнесті бағалауда шығындық тәсіл. Экономикалық пайда концепциясына негізделген компания құнын басқару мен бағалау әдістері. Кәсіпорынның

қаржылық жағдайын бағалау. Жер учаскесінің құнын бағалау. Жылжымайтын мүлікті бағалау. Кәсіпорындардың құралдары мен машиналарының құнын бағалау. Кәсіпорында айналым капиталының құнын бағалау. Кәсіпорынның материалдық емес активтерін бағалау. Шет ел тәжірибесімен бизнес құнын бағалау.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курста бизнесті бағалаудың мазмұны мен негізі мақсаты осы құқықтардың бос нарықта болымды деген бағасынан сатылуын есептеу сонымен қатар, приватизациялау процесі, қорлық нарықтық сақтандыру жүйесінің дамуы, коммерциялық банктердің кепілдігін несие беруі, жаңа қызметті құрады- ол бизнесті бағалау, оның капиталының нарықтық құнын анықтау әдістерін меңгереді.
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Аудит теориясы
Постреквизиттері: өндірістік практика, дипломалды практика.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Төмендегі ұғымдар жөнінде түсініктері болуы тиіс: бизнесті бағалау мәнісімен керектігі; бағалау субъектісі ретінде бизнес пен кәсіпорын ерекшеліктері; құндық бағалаудың логикалық теориясы; бағалау кездегі анықталатын құн түрлері; Қ.Р. «Жер туралы» заңы және т.б. В) бизнестің бағалауда шығындық әдісі; бағалау үшін шарт жасау; жылжымайтын мүлікті бағалау;өндірістік айналым қорды бағалау; кәсіпорынның құралдары мен машиналарын бағалау; материалдық емес активтерді бағалау және т.б. С) теориялық білімді пайдаланып талдау әдістемесін іске асыру; еңбек өнімділігін арттырудың басты факторларын білу; талдау нәтижелерін шаруашылықтық қызметте ең көп тиімділікпен қолдану; пайда мен рентабельділік көрсеткіштеріне талдау жасау және т.б.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Қаржы нарығын бақылау және реттеу
Бағдарлама авторы: Алдашова Г.М.
Курсты оқытудың мақсаты: Қаржы нарығы және оның кәсіби қатысушылары ішкі және сыртқы инвесторлардың тартылған қаражаттгарын экономиканың жоғары табысты және болашағы бар салаларына инвестициялауға мүмкіндік береді және экономиканың халықаралық қоғамдастықтарға бірігуіне әсерін тигізеді. Сонымен қатар, заңдық реттеу, ақпараттың ашықтылығы, дивидентгік саясат және басқа да сапалық көрсеткіштері дамып келе жатқан қаржы нарығының жалпы стандартқа сәйкес жүргізу.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқыту барысында бағалы қағаздардың экономикалық мәні мен қажеттілігі, қазіргі қаржы нарықтарындағы әртүрлі қаржы институттарының қызмет етуімен ерекшеленеді. Қазақстан қаржы нарығының дамуында негізгі мәселелерді анықтау, әртүрі қаржы институттарын және олардың ұсынатын қызметтерін баға белгілеу әдістерін, оларды басқару стильдерін, ішкі және халықаралық қаржы нарықтарындағы қызмет ету стратегияларын оқу, әртүрлі елдердің қаржы институттарының қызметтерін оқу, Қазақстандағы қаржы нарықтарының қызмет етуінің ерекшеліктерін қарастыру, қаржы делдалдарын, қаржы нарықтарындағы кәсіби қатысушылардың қызметін оқу және талдау; қаржы институттарының қызметінде (делдалдар) мүмкін болатын тәуекелдерді бағалау және олардың залалдарын төмендету жолдарын анықтау негізгі сұрақтар болып табылады.
Пререквизиттері: Салық және салық есебі.
Постреквизиттері: өндірістік практика, дипломдық жоба
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) ҚР қаржылық нарықтардың қалыптасуы мен қызмет ету ерекшеліктері туралы; ҚР қаржылық нарықтардың құрылуы мен дамуы туралы; ҚР қаржылық ұйымдар мен қаржылық нарықтарды реттеу мен бақылау жүйесінің құрылуы мен дамуы туралы; әлемдік қаржылық нарықтардың негізгі қызметтері туралы түсіну В) қаржылық делдалдықтың мәні туралы; -қаржылық нарықтың жеке сегментерінің қызметтері мен бағыттарын; негізгі қаржылық институттарды және олар ұсынатын қызметтер мен қызметтер түрін, баға қалыптастыру әдістерін, басқару стилін, халықаралық және ішкі нарықтардың тиімді қызмет ету стратегияларын меңгеру; С) салық кітаптарын жүргізу дағдыларына ие; қосымшаларымен бірге жылдық жиынтық кіріс және одан алынған шегерімдер туралы декларация жасау; D) қаржылық нарықтың мамандандырылған қатысушылары мен қаржылық делдалдардың қызметін анализдеу; -қаржылық нарықтардың қазіргі жағдайына анализ жасау; -шаруашылық қызметте басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде қаржылық нарық құралдарының мүмкіндіктерін пайдалану туралы практикалық машықтарды иемденуі; Е) Бизнес-процестерді есепке алу, экономикалық, қаржылық және ұйымдастырушылық-басқарушылық модельдерді құру кезінде сандық және сапалық деректерді талдау (болжамды бағалау) оларды қаржылық басқарудың нақты міндеттеріне бейімдеу

11.1 Модуль - Салалардағы бухгалтерлік есеп

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Көлік кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп
Бағдарлама авторы: Токтарова М.А.
Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерді көлік коммуникацияларындағы бухгалтерлік есептің мәні мен ерекшеліктерімен таныстыру болып табылады, ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыра алатын, ұсына алатын бухгалтерлік есеп және аудит саласында жоғары білікті мамандарды дайындау болып табылады. Көлік кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп саясатының мәнін, қағидалары мен әдістерін меңгеруі; көлік коммуникациясының әртүрлі бағыттарын қамтитын мәселелер мен міндеттерді студенттердің іс жүзінде шеше білуге бейімдеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пәнді оқыту барысындакөлік туралы негізгі түсініктер, көліктің өзгешеліктерімен анықталатын бухгалтерлік есеп ерекшеліктері және көліктік кәсіпорынның өндірістік құрылымы мен оны жетілдірудің жолдары зерттеледі. Кәсіпорындағы автокөлік құралдарын бағалау және де көліктік кәсіпорынның негізгі қормен қамтамасыз етілуін қарастырады. Сондай-ақ білім алушы көлік кәсіпорындарындағы машиналарды және құрал-жабдықтарды бағалауды меңгереді. Көліктік кәсіпорынның айналым капиталымен қамтамасыз етілуін, материалды қорлар есебі мен өндіріс шығындары есебі және өнімнің өзіндік құны есебі талданады. Сонымен қатар, көлік кәсіпорындарындағы өнімнің өзіндік құны есебі, көліктік кәсіпорындардағы еңбекақыны есептеу жүргізіледі. Автокөлікті пайдалануға және автомобильді тасымалдаудың өзіндік құнын калькуляциялауға шығындар есебі мен көлік кәсіпорындарындағы қаржылық жалдауды, қаржылық есеп беруді дайындау қағидалары және ұсыну дағдыларын қалыптастырады.
Пререквизиттері: қаржылық есеп1, басқару есебі1**.**
Постреквизиттері: өндірістік практика, дипломалды практика**.**
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) ҚР Конституциясының негіздері, ҚР көлік саласындағы бухгалтер лік есеп қызметін реттейтін және халықаралық қатынастар саласындағы заңнамалық актілер; В) көлік кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік саласында, қаржыландыру жоспарын іске асыру, жеке тұлғалармен есеп айырысудың жай-күйі, қорлар мен материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз ету, толық және нақты ақпарат беру; С) бухгалтер лік процеске заманауи техникалық құралдармен ақпараттық технологияларды пайдалану; D) есепке алу құжаттарында мүліктің, міндеттемелердің және капиталдың қозғалысын уақтылы тіркеу; Е) курс бойынша алынған теориялық білімді нығайту және ақпараттарға талдау, сараптау жұмыстарына қатысты іс-тәжірибелік дағдыларды дарыту.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Мұнайгаз секторындағы бухгалтерлік есеп
Бағдарлама авторы: Тоқтарова М.А.
Курсты оқытудың мақсаты: студенттер бухгалтерлік есептің қаржылық есеп бөліміндегі мәліметтермен толығымен танысып, мұнай газ секторында қаржылық есеп бөліміндегі мәліметтермен толық танысып, мағлұмат алады. Мұнай-газ өнеркәсібі кәсіпорындарында өнім өндіруге кеткен шығындардың есебінің ұйымдастырылуын зерттеу, теориялық және тәжірибелік мәліметтермен студенттерді қамту және соған сәйкес кәсіби білімге деген жоғары талаптарға жауап беретін және басқару шешімдерін талдап және қабылдайтын, ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыра алатын, ұсына алатын бухгалтерлік есеп және аудит саласында жоғары білікті мамандарды дайындау болып табылады.
Пәннің қысқаша мазмұны: Мұнайгаз секторындағы бухгалтерлік есеп курсын оқыту барысында мұнай-газ саласындағы бухгалтерлік есептің мақсаттары, міндеттері және бухгалтерлік есеп концепцияларымен танысады. Бұл пәнде ҚЕХС №6 сәйкес минералдық ресурстарды барлау мен бағалауды, мұнай-газ өнеркәсібі кәсіпорындарында салық және есепке алу жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны, негізгі құралдарды және капиталды салымдарды есепке алуды қарастырады. Сонымен қатар, мұнай-газ саласындағы геологиялық барлауды қаржыландыруды, өндірістік шығындарды есепке алуды меңгереді. Мұнай - газ саласында өндірістегі шығындардың және өнімнің өзіндік құнын құру және дайын өнімдерді есепке алу, сондай-ақ өнімдерді өткізу есебі мен қаржы нәтижелерін қалыптастыру тәртібі туралы дағдыларды қалыптастырады. Мұнай және газ секторындағы табыстар және шығындардың есебі, қаржылық есептілікті дайындау туралы ақпарат беріледі.
Пререквизиттері: қаржылық есеп 1, басқару есебі 1.
Постреквизиттері: өндірістік практика, дипломалды практика.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Мұнай және газ секторында қаржылық актив мен қаржылық міндеттемені тану және бағалауды білу. В) курс бойынша алынған теориялық білімді нығайту және ақпараттарға талдау, сараптау жұмыстарына қатысты іс-тәжірибелік дағдыларды дарыту С) мұнай және газ секторында қаржылық активі мен қаржылық міндеттемені тану және бағалауды білу; D) теориялық және тәжірибелік дағдыларға ие болуы, мұнай-газ саласындағы бухгалтерлік есеп қызметтері мен әдістерін білу; бухгалтерлік есеп объектілері мен принциптерін қолдану; Е) курс бойынша алынған теориялық білімді нығайту және ақпараттарға талдау, сараптау жұмыстарына қатысты іс-тәжірибелік дағдыларды дарыту.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Саудадағы бухгалтерлік есеп
Бағдарлама авторы: Әлиева А.Ө.
Курсты оқытудың мақсаты: Сауда кәсіпорындарында есепті ұйымдастырудың негізгі принциптері мен міндеттері. Көтерме және бөлшек сауда орындарында тауарлардың қозғалысының есебі. Тауарлар мен ыдыстардың синтетикалық және аналитикалық есебін уйымдастыру. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру. Сауда орындарында қаржы нәтижесінің есебі.
Пәннің қысқаша мазмұны: Саудадағы бухгалтерлік есеп және статистика курсында сауда қызметінің негізгі түсініктері мен түрлері, көтерме сауда жүйесіндегі тауар және тара есебі оқытылады. Бөлшек сауда жүйесіндегі тауардың және тараның есебі талданады. Сауда жүйесіндегі жұмысшылардың тауар үшін жауапкершілігі түсіндіріліп, сауда жүйесіндегі тауар қорынының аналитикалық есебін (жекелеген есебі) жүргізуді қарастырады . Сауда жүйесіндегі тауарды, тараны түгелдеудің тиімді жолдарын меңгереді. Сонымен қатар, сауда жүйесіндегі

тамақтандыру кәсіпкершілігіндегі бухгалтерлік есепті, тамақтандыру жүйесіндегі тауардың бағасын, тауар сату шығынының, сауда жүйесіндегі табыстылық көрсеткішінің есебін зерттейді. Тауарлар мен қызметтер, саудадағы табыс пен шығын, сондай-ақ, тауар айналымы статистикасын жүргізеді.
Пререквизиттері: қаржылық есеп 1, басқару есебі 1.
Постреквизиттері: өндірістік практика, дипломалды практика.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) нәтижені қалыптастыру қабілеті; тұжырымды дәлелдеу мүмкіндігі; В) жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарналарын есептеу; жалақы бойынша қызметкерлермен есеп айырысуды есепке алу журналын толтыру; еңбек ақы төлеу бойынша шегерімдер мен еңбек ақысы бойынша ұстамдар жиынтығын жасау; С) ғылыми-техникалық салада, сондай-ақ экономикадағы, іскерлік және гуманитарлық салаларда басқару міндеттерін талдау кезінде математикалық және алгоритмдік модельдеу әдістерін меңгеру; D) өзін-өзі дамытудың білім түрлерінің тәжірибесін алу мүмкіндігі; ұйымдардың бизнес-қызметінде ақпараттық жүйелерді құру және енгізу үшін жобаларды басқару әдістерін және технологияларын білу; Е) стратегиялық, ағымдағы және жедел болжамдарды, жоспарларды, бюджеттерді әзірлеуге ақпараттық және аналитикалық қолдауды дайындауға қабілетті; оларды қадағалау, олардың орындалу барысын талдау және бақылау; тәуекелдерді талдауға және бағалауға, оларды азайту жөніндегі шараларды қабылдауға, қаржы шығындарын барынша азайту үшін қаржы ресурстарын пайдалану тиімділігін бағалауға қабілетті.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Агроөнеркәсіп кешеніндегі бухгалтерлік есеп
Бағдарлама авторы: Токтарова М.А.
Дублин дискрипторлары(A, B, C, D, E):
Пәннің атауы: Контроллинг
Бағдарлама авторы: Демеуова Г.К.
Курсты оқытудың мақсаты:«Контроллинг» пәнін игерудің мақсаты студенттердің осы пәннің төңірегінде ғылыми және практикалық білімдерін дамыту және кәсіпорында бақылау қызметінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті практикалық жұмыс дағдыларын меңгеру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Контроллинг» курсында кәсіпорынды басқару жүйесінде бақылаудың рөлі туралы мәселелер қарастырылады; кәсіпорында басқару жүйесін құрудың ұйымдастырушылық-әдістемелік негіздері; кәсіпорындағы басқару құрылымын және оның негізгі функцияларын анықтау; бақылау қызметін құруға қойылатын негізгі талаптар және басқару қызметінің кәсіпорынның ұйымдық құрылымындағы орны; бақылау қызметі мен басқа қаржылық-экономикалық қызметтер арасындағы түбегейлі айырмашылық; бақылау саласындағы отандық және шетелдік тәжірибе; басқаруды ақпараттық қолдау.
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері
Постреквизиттері: Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп, Ауылшаруашылығындағы бухгалтерлік есеп, Салық есеп саясаты
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) кәсіпорынның бухгалтерлік есебін оңтайлы ұйымдастыру үшін кәсіпорынның есеп саясаты ерекшеліктерін білу және түсіну; В) кәсіпорында құжаттар айналымын дұрыс ұйымдастыру; есепті дұрыс ұйымдастыру; өндірісте дайын өнім және оны өткізу есебін құрастыра білу; С) бухгалтерлік операцияларды қаржылық рәсімдеу; есептің стандарттарына сәйкес қаржылық есептемені құрастыру және ұсыну; логистикада қолданылатын бухгалтерлік ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеуді меңгеру; D) өндіріс кешенінде есепті және есеп беруді ұйымдастыруды тәжірибеде пайдалана алу; Е) курс бойынша алынған теориялық білімді нығайту және логистикада қолданылатын бухгалтерлік ақпараттарға талдау, сараптау жұмыстарына қатысты іс-тәжірибелік дағдыларды дарыту

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Қаржылық бақылау және мемлекеттік аудит
Бағдарлама авторы: Токтарова М.А.
Курсты оқытудың мақсаты: Ұйымдардағы қаржылық бақылау мен аудитті жүргізудің әдістері және қағидаларымен танысу; бақылаудың жалпы теориялық бекітілген әдістері мен процестерін пайдалану базасында қаржылық бақылау мен аудитті жүргізу бойынша өздік жұмыстарының дағдыларын дамыту; ішкі бақылау жүйелерін талдау және түсіну құжаттардың талдау тәртібін үйрену және тексеру актілері мен аудиторлық есепті құру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқыту барысында білім алушы қаржылық бақылаудың мәні, пәні және нысандары мен қаржылық бақылаудың халықаралық тәжірибесін сондай-ақ бақылау-ревизиялық жұмысты ұйымдастыруды үйренеді. Мемлекеттік қаржылық бақылауды ұйымдастыруды, қаржылық бақылаудың нормативтік-құқықтық және ақпараттық негіздерін, қаржы-шаруашылық бақылаудың ғылыми-әдістемелік жүйесі қамтамасыз етіледі . Банктік және есеп айрысу операцияларын бақылау және тексеру жүйесімен таныстыру шаралар жүргізіледі. Негізгі құралдар мен тауарлы материалдық құндылықтарды бақылау мен тексеру,сатып алу циклінің функционалды аудиті және тауарлы-материалдық қорларды тексеру үйретіледі. Төлем циклі мен ақша жүйесі зерттеледі.Ақша ревизиясының жергілікті аудиті қалай жүзеге асырылатыны анықталады. Жүйелі бақылау мен инвестиция аудиті мен дебиторлық берешектің аудиттік құрылымы,арнайы бақылау бақылау және міндеттемелер аудиті таныстырылады.
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Практикалық аудит , Кәсіпорын құнын бағалау
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Қаржылық бақылау және мемлекеттік аудит пәні саласының жалпы формаларын, үлгілерін, құралдарын анықтау мүмкіндігі; В) есепке алу жүйесі және мемлекеттік аудит мониторингі; Пәндік облыстың тілін сауатты қолдану мүмкіндігі; С) Қаржылық бақылау мен аудитті өз бетінше жүргізе алады, материалдарды сот және тергеу органдарына тиісті жағдайларда беруді бақылайды; D) ақшалай қаражаттар мен босалқылардың жетіспеушілігін және ұрлану нәтижелерін қалыптастыру бойынша құқықтық қызметтің жұмысына қатысу; Е) Мемлекеттік бақылау жүйесінің деңгейін көтеру бойынша кәсіпорынды басқару бойынша ұсыныстарды әзірлеу;

4.2 Модуль - Мемлекеттік аудит, 15 кредит (Траектория - Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп және аудит)

Дублин дескрипторлары: (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Басқару есебі
Бағдарлама авторы: Иманбаева З.Ө.
Курсты оқытудың мақсаты: курстың мақсаты менеджрлерге басқару функцияларын орындау үшін экономикалық ақпарат беру, жоспарлау, үйлестіру, бақылау, талдау, басқару шешімдерін қабылдау, ынталандыру, байланыс.
Пәннің қысқаша мазмұны: Басқару есебі және талдау курсында экономикалық зерттеу әдістерінің жалпы сипаттамасын, басқару есебі мәліметтерін жинақтау және топтауды және талдауды меңгереді. Басқару есебінің берілгендерін, шығындар туралы жалпы түсінікпен таныса отырып, шығындардың жіктелуі, олардың пайда болуы, қнімнің өзіндік құны туралы ақпараттар жинай алады. осы ақпараттардың негізінде басқару талдауын жүргізуді меңгертеді.
Пререквизиттер: бухгалтерлік есеп негіздері, экономикалық теория
Постреквизиттері: Кәсіпорын қаржысын басқару, Кәсіпорында іс жүргізу және ұйымдастырушылық мінез-құлық

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) жеке пәндік саланың жалпы формаларын, үлгілерін, құралдарын анықтау мүмкіндігі; қойылған міндетті түсіну қабілеті; нәтижені қалыптастыру қабілеті; тұжырымды дәлелдеу мүмкіндігі; В) көрсетілген нәтиженің салдарын өз бетімен көру қабілеті; тапсырмаларды тұжырымдау кезінде бағыт табу мүмкіндігі; классикалық мәселелердің дұрыс тұжырымдарын білу; С) кассалық операцияларды есепке алу үшін бастапқы құжаттарды, есепті тұлғалармен есептесуді, шот-фактураларды, тауарларды шығару шот-фактураларын толтыру; ұйымның активтері, міндеттемелері мен капиталдарының бар болуы мен қозғалысын есепке алу бойынша жұмыс жүргізу және оның экономикалық және қаржылық қызметінің нәтижелерін анықтау; D) құжаттарды есепке алу құжаттарының кестесін түсіну; қолма-қол ақшамен және банктік операциялардың әдіснамасына ие болу; қолма-қол ақшамен жұмыс жасау дағдылары; операцияларды есепке алудың типтік шотаралық байланыстары; аванстық есептерді уақтылы ұсынуды қадағалау; іссапар шығыстарын және операциялық-шаруашылық қажеттіліктері үшін шығындарды есептеу; Е) өзіндік құнды анықтау үшін түскен пайданың және қор құнын бағалау үшін шығындардың классификациясы; шешім қабылдау, жоспарлау және болжау кезінде ескерілетін шығыстардың классификациялық топтары; шығыстарды есепке алудың заманауи әдістері және өндіріс шығындарын есептеу.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, Д, Е)
Пәннің атауы: Мемлекеттік аудит
Бағдарлама авторы: Демеуова Г.К.
Курсты оқытудың мақсаты: бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды және жүргізуді, ішкі бақылау жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуін тәуелсіз бақылау ретінде аудитті жоспарлау, жүргізу, студенттерде сенімді теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру, оның сенімділігі тұрғысынан қаржылық есептілік жасау, заңның сақталуын тексеру, аудит нәтижелерін есепке алу, аудиттің халықаралық стандарттарын меңгеру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқыту барысында білім алушыстандарттарға сәйкес мемлекеттік аудиттің және мемлекеттік аудиттің жалпы міндеттері қандай түрде жүзеге асатынын анықтайды. Сонымен бірге, мемлекеттік аудит органдары мен олардың Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің құзыретімен танысады. Мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын талаптар мен Мемлекеттік аудитті жоспарлау және түрлері,нәтижелерін толтыру және ұсыну тәртібін анықтайды.
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп, Бюджеттік есеп және есептілік
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Сыни тұрғыдан ойлауға негізделген ұтымды шешімдер қабылдау үшін алынған ақпарат пен тәжірибені қолдана алады; В) қолданыстағы салық заңнамасы және оның қаржылық шешімдер қабылдау үшін жоспарланған өзгерістері аясында меншіктің әртүрлі нысандарындағы ұйымдардың қаржылық және бухгалтерлік есептерін, сондай-ақ салық салдарларын бағалайды және түсіндіреді; С) өзін қаржылық және салық заңнамасына еркін бағдарлайды; D) мемлекеттік заң негізінде аудиторлық және аудиторлық қызметті ұйымдастырады және жүргізеді; Осындай іс-шараларға олардың өкілеттіктерін ескере отырып бағдарламалар жасайды; есептілік пен құжаттаманы егжей-тегжейлі түсінуге, дәлсіздіктер мен жасыруларды анықтауға; Е) Интеграцияланған ғылыми әдістер негізінде мемлекеттік бақылау және аудит саласындағы ақпаратты талдайды, синтездейді және сыни тұрғыдан түсіндіреді.

5.1 Модуль - Бизнесті бағалау және талдау, 20 кредит (Траектория - Экономиканың нақты секторындағы бухгалтерлік есеп және аудит)

Дублин дискрипторлары(A, B, C, D, E):
Пәннің атауы: Бизнестегі халықаралық маркетинг
Бағдарлама авторы: Басшиева Ж.Қ.
Курсты оқытудың мақсаты: Пән әлемдік, халықаралық және жергілікті маркетингтің мәнін зерттейді; сыртқы нарықтағы маркетингтік қызметтің ерекшеліктерін; сыртқы нарықта маркетингтік зерттеулерді жүзеге асыру ерекшеліктері; экономикалық тұрақсыздық жағдайында трансұлттық компаниялар қолданатын маркетинг әдістері, әдістері мен құралдары, инновациялық маркетинг стратегияларын зерттеуді үйретеді.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пәннің негізгі мақсаты студенттерге халықаралық маркетингті бизнеске енгізудің теориялық принциптерін, элементтерін, әдістерін оқып үйрену және оларды белгілі шетелдік және отандық фирмалар қызметінің мысалдары бойынша қолданудың практикалық дағдыларын меңгеру болып табылады. Пәннің міндеттері келесі мәселелер бойынша білімді зерттеу және жүйелеу болып табылады: сыртқы нарықты талдау және компанияның осы нарыққа шығу мүмкіндігін; халықаралық маркетингтік орта; халықаралық маркетингтік зерттеулердің ерекшеліктері; компаниялардың сыртқы нарыққа шығу стратегиясын анықтау; халықаралық маркетинг кешенін зерттеу; сыртқы нарықтағы әрекеттерді жоспарлау мен бақылауды ұйымдастыру принциптері мен әдістері
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп, Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп, Ауылшаруашылығындағы бухгалтерлік есеп
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Кәсіпорынның маркетингтік қызметін ұйымдастыруда сауатты шешімдерді әзірлеу үшін маркетинг саласындағы іргелі білім мен дағдыларды қолданады, **В)** Маркетингтік

зерттеулер жүргізу әдістерін қолданады: маркетингтік мәселелерді шешу үшін бастапқы және қосымша ақпаратты жинау, талдау, есеп беру, Шығармашылық ойлау дағдыларын меңгереді және жасайды. , жаңа түпнұсқа идеяларды табады , стандартты емес әдіспен мәселелердің шешімін сәтті табады, кез келген мәселені шешуге шығармашылықпен қарай алады, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға ұмтылады. **C)** Бизнестегі халықаралық маркетингтің негізгі түсініктерін меңгеру; Халықаралық маркетингте маркетингтік технологияларды жүйелі және егжей-тегжейлі зерттеу үшін білімге ие болу; Бизнесте халықаралық маркетингті басқарудың заманауи әдістерін меңгеру; D) Халықаралық маркетингтің негізгі ұғымдары, принциптері, халықаралық нарықты сегменттеу және белгілі бір елдің нарығына қатысты маркетинг кешенін әзірлеу және т.б. бойынша коммуникация саласындағы дағдылар; кәсіпорын қызметінде халықаралық маркетинг стратегияларын қолдану Е) Теориялық білімді пайдаланып талдау әдістемесін іске асыру; еңбек өнімділігін арттырудың басты факторларын білу; талдау нәтижелерін шаруашылықтық қызметте ең көп тиімділікпен қолдану; пайда мен рентабельділік көрсеткіштеріне талдау жасау және т.б.

Дублин дискрипторлары(A, B, C, D, E):
Пәннің атауы: Бизнесті бағалау
Бағдарлама авторы: Демеуова Г.К.
Курсты оқытуды мақсаты: Бизнесті бағалаудың әдістемелік ережесі. Бизнесті бағалаудың негізгі принциптері және құн түрлері.Бағалау процесінде ақпараттарды дайындау. Бағалау процедурасы. Бизнесті бағалауда табыстық тәсіл. Бизнесті бағалауда салыстырмалы тәсіл. Бизнесті бағалауда шығындық тәсіл. Экономикалық пайда концепциясына негізделген компания құнын басқару мен бағалау әдістері. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау. Жер учаскесінің құнын бағалау. Жылжымайтын мүлікті бағалау. Кәсіпорындардың құралдары мен машиналарының құнын бағалау. Кәсіпорында айналым капиталының құнын бағалау. Кәсіпорынның материалдық емес активтерін бағалау. Шет ел тәжірибесімен бизнес құнын бағалау.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курста бизнесті бағалаудың мазмұны мен негізі мақсаты осы құқықтардың бос нарықта болымды деген бағасынан сатылуын есептеу сонымен қатар, приватизациялау процесі, қорлық нарықтық сақтандыру жүйесінің дамуы, коммерциялық банктердің кепілдігін несие беруі, жаңа қызметті құрады- ол бизнесті бағалау, оның капиталының нарықтық құнын анықтау әдістерін меңгереді.
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Аудит теориясы
Постреквизиттері: Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп, Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп, Ауылшаруашылығындағы бухгалтерлік есеп
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) Төмендегі ұғымдар жөнінде түсініктері болуы тиіс: бизнесті бағалау мәнісімен керектігі; бағалау субъектісі ретінде бизнес пен кәсіпорын ерекшеліктері; құндық бағалаудың логикалық теориясы; бағалау кездегі анықталатын құн түрлері; Қ.Р. «Жер туралы» заңы және т.б. **B)** бизнестің бағалауда шығындық әдісі; бағалау үшін шарт жасау; жылжымайтын мүлікті бағалау;өндірістік айналым қорды бағалау; кәсіпорынның құралдары мен машиналарын бағалау; материалдық емес активтерді бағалау және т.б. **C)** теориялық білімді пайдаланып талдау әдістемесін іске асыру; еңбек өнімділігін арттырудың басты факторларын білу; талдау нәтижелерін шаруашылықтық қызметте ең көп тиімділікпен қолдану; пайда мен рентабельділік көрсеткіштеріне талдау жасау және т.б.

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, Д, E)
Пәннің атауы: Кәсіпорынның қаржылық қызметін талдау
Бағдарлама авторы: Тлеукабылова К.Б.
Курсты оқытудың мақсаты: кәсіпорынның қаржылық жағдайына кешендік талдау жүргізу арқылы студенттерге қажетті теориялық білім мен тәжіребиелік дағдылардың жиынтығын беру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курста кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау пәні мен әдістері, экономикалық талдаудың әдістері мен тәсілдерін зерттеу дағдылары қалыптастырылады. Қаржылық жағдайды талдаудың ақпараттық базасы, мәні мен міндеттері және де кәсіпорын активтерін,міндеттемелерді және акционерлік капиталды талдау меңгеріледі. Сонымен қатар, баланс өтімділігі, іскерлік белсенділік және қызмет тиімділігі талданады. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылығы, табыстылығы мен банкрот болу ықтималдығына талдау жасалады.
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Экономикалық теория
Постреквизиттері: Кәсіпорын қаржысын басқару, Кәсіпорын құнын бағалау
Оқытудан күтілетін нәтижелер:A) Кәсіпорынның қаржысы, Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық қызметі, Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін талдауда және кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын анықтауда түсініктер қалыптастыру; B) қаржылық талдау әдістері мен тәсілдерін, қаржылық талдаудың ақпараттық базасын, бухгалтерлік баланстың экономикалық оқылуын және қаржылық жағдайды талдай отырып тұжырым жасауға үйрету; C) кәсіпорынның ақпараттық базасы арқылы теориялық және тәжірибелік тұрғыда кешенді талдауды жүзеге асыру мүмкіндігі. D) зерттеу жұмысын жазуда құжаттарды пайдалана отырып, өз ойларын жүйелеп айтуға, талдау жұмыстарын сауатты жазуға дығдыландыру және ақпараттық құралдар туралы көзқарасын жеткізе білуге үйрету; E) болашақ кәсіби маман ретінде кәсіпорынның қаржылық жағдайына кешенді талдау жүргізуге машықтандыру.

5.2 Модуль - Сыртқы экономикалық қызметті талдау, 20 кредит (Траектория - Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп және аудит)

Дублин дискрипторлары(A, B, C, D, E):
Пәннің атауы: Халықаралық бизнес жобаларды басқару
Бағдарлама авторы: Игильманова С.И.
Курсты оқытудың мақсаты: Түрлі мүдделі тараптармен қарым-қатынас, олардың мәдени айырмашылықтары, компания мен оның өнімдеріне деген сенімділік, туындаған жанжалдарды шешу мәселелері, халықаралық жоба командасы ішіндегі қарым-қатынастар, виртуалды топтарда жұмыс жасау, мәдениетаралық коммуникация, ынтымақтастық құрылымының дамуы – халықаралық жобаларды басқарудың негізгі сұрақтарын қарастыру.
Пәннің қысқаша мазмұны: Халықаралық бизнес-жобаларды басқару мәселелері дәстүрлі жобалаларды басқарудан түбегейлі ерекшеленетіндіктен және қосымша білім мен дағдыларды қажет ететіндіктен, бұл пәнді оқытуда жобаны жүзеге асырудың халықаралық контексттегі сұрақтары, атап айтқанда, жобалық менеджменттің жаһандық аспектілері, халықаралық контекст тұрғысынан жобаларды жоспарлау әдістемесі, халықаралық жобалардағы коммуникацияның ерекшеліктері, халықаралық жобаларда виртуалдық ортада жұмыс жасау ерекшеліктері зерттеледі. Сонымен қатар, пәнді оқып-үйрену білім алушының бойында жоба тобының мүшелері мен мүдделі тараптардың халықаралық жобаға тартылуы мен ынтымақтастық дағдыларының қалыптасуына мүмкіндік береді.
Пререквизиттері: Басқару есебі, Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Көлік кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп, Мұнайгаз секторындағы бухгалтерлік есеп, Саудадағы бухгалтерлік есеп
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) жобалардың жаһандық сипатта болуға дайындық деңгейін бағалай білу; халықаралық жобаларды басқару саласындағы нақты білімдер аясын меңгеру; В) халықаралық ортададағы қызметті анықтайтын мәдени интеллектті бағалай білу; сенімділік пен жанжалдардың халықаралық жобаларға тигізетін ықпалдарын түсіну және білу С) командалық ынтымақтастық пен мүдделі тараптардың өзара әрекеттестігін жетілдіруге мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдерді білу; виртуалды жобалық команда мүшелерінің ынтымақтасу мүмкіндіктерін білу; D) көшбасшылық пен коучингті жаһандық команданы қолдау үшін қолданудың әдіс-тәсілдерін білу; жаһандық жобалардағы өзара әрекеттестік бағыттары мен ұйымдастыру сұрақтарын білу; Е) жобаның виртуалды мульти-мәдени командасын басқару құралдарын түсіну және қолдана білу; халықаралық мульти-мәдени жоба командасын басқару стратегиясын құра білу.

Дублин дискрипторлары(A, B, C, D, E):
Пәннің атауы: Кәсіпорын құнын бағалау
Бағдарлама авторы: Демеуова Г.К.
Курсты оқытудың мақсаты: Кәсіпорын құнын бағалаудың әдістемелік ережесі. Кәсіпорын құнын бағалаудың негізгі принциптері және құн түрлері. Бағалау процесінде ақпараттарды дайындау. Бағалау процедурасы. Бизнесті бағалауда табыстық тәсіл. Кәсіпорын құнын бағалауда салыстырмалы тәсіл. Бизнесті бағалауда шығындық тәсіл. Экономикалық пайда концепциясына негізделген компания құнын басқару мен бағалау әдістері. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау. Жер учаскесінің құнын бағалау. Жылжымайтын мүлікті бағалау. Кәсіпорындардың құралдары мен машиналарының құнын бағалау. Кәсіпорында айналым капиталының құнын бағалау. Кәсіпорынның материалдық емес активтерін бағалау. Шет ел тәжірибесімен бизнес құнын бағалау.
Пәннің қысқаша мазмұны: Білім алушы осы пәнді меңгеру барысында бизнесті бағалаудың мазмұны мен негізі мақсаты осы құқықтардың бос нарықта болымды деген бағасынан сатылуын есептей отырып, приватизациялау процесі, қорлық нарықтық сақтандыру жүйесінің дамуы, коммерциялық банктердің кепілдігін несие беруі, жаңа қызметті құрады- ол бизнесті бағалау, оның капиталының нарықтық құнын анықтау әдістерімен танысады.
Пререквизиттері: Басқару есебі, Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Көлік кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есеп, Мұнайгаз секторындағы бухгалтерлік есеп, Саудадағы бухгалтерлік есеп
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Төмендегі ұғымдар жөнінде түсініктері болуы тиіс: бизнесті бағалау мәнісімен керектігі; бағалау субъектісі ретінде бизнес пен кәсіпорын ерекшеліктері; құндық бағалаудың логикалық теориясы; бағалау кездегі анықталатын құн түрлері; Қ.Р. «Жер туралы» заңы және т.б. **В)** бизнестің бағалауда шығындық әдісі; бағалау үшін шарт жасау; жылжымайтын мүлікті бағалау;өндірістік айналым қорды бағалау; кәсіпорынның құралдары мен машиналарын бағалау; материалдық емес активтерді бағалау және т.б. **С)** теориялық білімді пайдаланып талдау әдістемесін іске асыру; еңбек өнімділігін арттырудың басты факторларын білу; талдау нәтижелерін шаруашылықтық қызметте ең көп тиімділікпен қолдану; пайда мен рентабельділік көрсеткіштеріне талдау жасау және т.б.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, Д, E)
Пәннің атауы: Сыртқы экономикалық қызметінің есебі және талдауы
Бағдарлама авторы: Токтарова М.А.
Курсты оқытудың мақсаты: «Сыртқы экономикалық қызметті есепке алу және талдау» пәні аудиторияны сыртқы сауда операцияларын есепке алуды ұйымдастыру мен жүргізудің ерекшеліктері туралы, сондай-ақ валюталық операцияларды аудиторлық тексеруге мүмкін болатын тәсілдер туралы түсінік қалыптастыруға арналған.
Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқыту келесі мәселелер бойынша сыртқы экономикалық қызметті есепке алу, талдау және аудит саласындағы жоғары кәсіби білімнің Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарын орындауды қамтамасыз етеді: - валюта заңнамасының негіздері және валюталық операциялар принциптері; - сыртқы экономикалық қызметті есепке алуды ұйымдастырудың және реттеудің ерекшеліктері; - қолма-қол шетел валютасымен операцияларды есепке алу мен аудиттің ерекшеліктері; - шетел валютасын сатып алу-сату операцияларын қоса алғанда, валюталық шоттар бойынша операцияларды тексеру әдістері; - шетелге іссапарға шығатын есеп берушілермен есеп айырысуды ұйымдастыру және тексеру ерекшеліктері; - экспорттық және импорттық операцияларды тексеру әдістері.
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп, Бюджеттік есеп және есептілік
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) жинақталған ақпарат пен тәжірибені сыни тұрғыдан ойлауға негізделген ұтымды шешім қабылдауға қолдана алады; В) қолданыстағы салық заңнамасы және оның қаржылық шешімдер қабылдау үшін жоспарланған өзгерістері шеңберінде меншіктің әртүрлі формасындағы ұйымдардың қаржылық және бухгалтерлік есептерін, сондай-ақ салық салдарын бағалайды және түсіндіреді; С) өзін қаржылық және салық заңнамасына еркін бағыттауға;
D) мақсатқа сәйкес пәнді оқытудың басты мақсаты студенттердің теориялық негіздерін игеруі және нарықтық қатынастардың қалыптасуы мен дамуы жағдайында сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асырумен байланысты операцияларды есепке алу мен аудиттің практикалық дағдыларын игеруі болып табылады; Е) интеграцияланған ғылыми әдістер негізінде мемлекеттік бақылау және аудит саласындағы ақпаратты талдайды, синтездейді және сыни тұрғыдан түсіндіреді. Алға қойылған міндеттерді ойдағыдай шешу үшін сыртқы экономикалық қызметті есепке алу мен аудиттің сипатын, мазмұны мен әдістемесін анықтайтын негізгі заңнамалық және нормативтік құжаттар зерттелуі керек.

6.1 Модуль - 1С: Бухгалтерия және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары, 25 кредит (Траектория - Экономиканың нақты секторындағы бухгалтерлік есеп және аудит)

Дублин дискрипторлары(A, B, C, D, E):
Пәннің атауы: Шоғырландырылған есеп және есептілік
Бағдарлама авторы: Сексенова А.Т.
Курсты оқытудың мақсаты: Қазіргі уақытта көптеген кәсіпорындар бәсекеге төтеп беруі үшін, сапалы өнім шығаруы үшін, бизнестерін біріктіреді. Бұл курста стубілім алушылар негізгі кәсіпорын, еншілес кәсіпорын, тәуелді кәсіпорын сияқты түсініктермен танысып қана қоймай, олардың есебінің ұйымдастырылуы, есебінің шоғырландырылуы (біріктірілуі) ерекшелігімен теориялық және тәжірибелік тұрғыда танысады.
Пәннің қысқаша мазмұны: Шоғырландырылған есеп және есептілік пәнін оқыту арқылы негізгі және еншілес заңды тұлғалардың шоғырландырылған есеп беруі мен негізгі және тәуелді заңды тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есеп беруі туралы толық түсінік ала алады. Сонымен бірге , студент бірлескен қызмет бойынша қатысулық үлесті қаржылық есеп беруде көрсетудің ерекшеліктері мен байланысқан тараптар туралы ақпараттарды ашу және т.б. жаңа ақпараттарды игереді.
Пререквизиттері: экономикалық теория, микроэкономика
Постреквизиттері: квазимемлекеттік секторлардағы бухгалтерлік есеп, бюджеттік есеп және есептілік
Оқытудан күтілетін нәтижелер: біліктілік, дағды, және құзіреттілік:түсінігі болуға: А) Біліктілік:негізгі және еншілес заңды тұлғалардың шоғырландырылған есеп беруі; негізгі және тәуелді заңды тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есеп беруі; бірлескен қызмет бойынша қатысулық үлесті қаржылық есеп беруде көрсетудің ерекшеліктері; байланысқан тараптар туралы ақпараттарды; қаржылық есепті шоғырландыру туралы теориялық ақпараттарын тереңдету; В) Дағды: студенттерді қаржылық есептіліктің түрлері: бухгалтерлік баланс, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептілік, табыстар мен шығыстар туралы есептіліктің шоғырландырылған есептерін құра алуы. С) Құзіреттілік: білім алушылардың дәріс сабақтарында алған шоғырландырылған қаржылық есептілікті құрудағы алған теориялық білімдерін тәжірибеде шоғырландырылған балансты, ақша қаражаттары туралы есептілікті және табыстар мен шығыстар туралы шоғырландырылған қаржылық есептілікті құра білуі. D) шоғырландырылған есеп жүргізуде ақпараттарды пайдалана отырып, шешім қабылдай алау Е) шоғырландырылған есеп ақпараттарын талдау, мониторинг жасау.

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, Д, E)
Пәннің атауы: Кәсіпкерлік құқық
Бағдарлама авторы: Саутбаева С.Б.
Курсты оқытудың мақсаты: құқықтық емес мамандықтардың студенттеріне арналған және Қазақстан Республикасының заңнамаларын, - Мемлекет және құқық туралы аса маңызды мәліметтерді қамтитын кешенді оқу пәні. Бұл пән қоғамдық өмірдің түрлі салаларында азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттерін зерттейді.
Курстың қысқаша сипаттамасы: пәнді оқыту барысында кәсіпкерлік құқық салаларының негіздерін құрайтын ұғымдар мен құқықтық нормалар, қазақстандық құқық жүйесі, мемлекет теориясының негіздері, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары, азаматтың құқықтық мәртебесі, конституциялық құрылыс негіздері, әкімшілік құқық негіздері, еңбек құқығы негіздері, отбасылық құқық негіздері, қылмыстық құқық негіздері, заңдық жауапкершілік ұғымдарымен танысады.
Пререквизиттері:Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология), Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы
Постреквизиттері: Қаржы органдарындағы бухгалтерлік есеп, Микро және макроэкономика негіздері
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) қазақстандық кәсіпкерлік құқық жүйесін білу және түсіну В) азаматтық және еңбек құқықтық қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларды практикада пайдалану С) ҚР кәсіпкерлік құқықтық жүйесі туралы пікір шығару, идеяларды бағалау және тұжырымдарды қалыптастыру қабілеті D) кәсіпкерлік құқықтық мәдениетті жетілдіру саласындағы іскерліктер Е) кәсіпкерлік дауларды шешу бойынша жағдайларда құқық нормаларын қолдану саласындағы іскерліктер.

6.2 Модуль - Мемлекеттік бюджет, 25 кредит (Траектория - Квазимемлекеттік сектордағы бухгалтерлік есеп және аудит)

Дублин дескрипторлары (A, B, C, D, E)
Пәннің атауы: Мемлекеттік бюджет
Бағдарлама авторы: Таскарина Б.М.
Курсты оқытудың мақсаты: бюджеттік және қазыналық қатынастардың құрылу үдерістерінің теориялық және тәжірибелік талдауы негізінде республикалық және жергілікті деңгейлерде бюджеттік қатынастардың ұйымдастыру, жоспарлау және басқару саласындағы білімді игерулеріне студенттерді машықтау.
Пәннің қысқаша мазмұны: бұл курс студенттерге мемлекеттік бюджеттің экономикалық мәні мен мазмұнын түсінуге, кірістер мен шығыстарын жоспарлауды зерттеуге, бюджет тапшылығын қаржыландыруға қаражат тарту механизмін зерделеуге, бюджеттік үдерісті ұйымдастырудың негіздерін түсінуге, бюджеттерді құруға, шолуға, бекітуге және орындауға мүмкіндік береді.
Пререквизиттері: Экономикалық теория, макроэкономика, қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Салықтық және салық салу, қаржылық бақылау және аудит
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) бюджет және бюджет жүйесі түсінігі, бюджеттің құрамы мен құрылымы, бюджеттің қызметтері, Қазақстан Республикасы бюджеттік қалыптасуының негіздері, бюджет жүйесінің құрылымының құрамы мен қағидалары, сондай-ақ бюджет жүйесі және оның қызметтерін басқарудың органдары туралы білімін және түсінігін қалыптастыру; В) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі, Республикалық және жергілікті бюджет жүйесінің басқару құрылымы, бюджет кірістері мен шығыстарының құрамы мен құрылымымен таныса отырып, олардың жұмыс жасау механизмін тәжірибе жүзінде іске асыру мен ұйымдастыра білу; С) жекелеген бюджет түрлері бойынша көрсеткіштерді қолдана отырып салыстырмалы талдауды жасауға, бюджеттің орындалуы және жүзеге асырылу нәтижелеріне сараптама жасауға, сонымен қатар ғылыми ізденістерде математикалық тәсілдер мен элементтерді қолданып, бюджеттің нәтижелерін бағалай білу. D) Ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасаудың түрлі формаларын кәсіби деңгейде қолдана білуге дағдыландыру. Е) бюджет жүйесіне аналитикалық шолу жасағанда қарастырылған ақпаратты логикалық түрде мазмұндай отырып, зерттеу жүргізудің дағдыларын меңгеру.

Дублин дескрипторлары (A, B, C, D, E)
Пәннің атауы: Халықаралық бизнес құқығы
Бағдарлама авторы: Тайжанова Лаура Женисовна
Курсты оқытудың мақсаты: Пәннің мақсаты халықаралық экономикалық қатынастарды реттейтін нормаларды кәсіби тәжірибеде түсіндіру және қолдану қабілетін қалыптастыру. Халықаралық экономикалық құқықтың нақты салаларында халықаралық құқықтық актілердің мәнін түсіну және түсіндіру. Нормативтік актілерді құқықтық бағалау дағдыларын меңгеру, халықаралық экономикалық қатынастар саласында білікті құқықтық қорытынды шығару. Халықаралық экономикалық қатынастар саласындағы мемлекеттің, заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың мүдделері мен құқықтарын қорғау үшін Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасының тиісті нормаларын қолдануға. Халықаралық экономикалық қатынастар саласындағы ұлттық және халықаралық құқықтық актілерді түсіндіру және талдау жүргізу.
Пәннің қысқаша мазмұны: Халықаралық экономикалық қатынастар жүйесіндегі халықаралық сауда. Халықаралық бизнес құқығының ұғымымен қайнар көздері. Халықаралық бизнестің тарифтік және бейтарифтік реттеу. Аймақтық интеграциялық құрылымдардың сауда-экономикалық қатынастарының ерекшеліктері.

Халықаралық бизнес құқығының Субъектілері мен объектілері. Дүниежүзілік сауда ұйымы. ДСҰ жүйесіндегі халықаралық бизнес құқықтық негіздері. Халықаралық бизнес мәмілелерінің жалпы сипаттамасы. Халықаралық бизнес делдалдығы. Халықаралық бизнес өкілдігі. Халықаралық есеп айырысу. Халықаралық несиелік аударымдар және аккредитив. Инкассо және банктік кепілдіктер. Халықаралық факторинг. Халықаралық қаржылық лизинг. Тауарларды халықаралық тасымалдау. Халықаралық коммерциялық мәмілелер жасасудың ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері. Халықаралық саудадағы франчайзинг**.**

Пререквизиттері Кәсіпкерлік құқық,Экономикалық теория негіздері

Постреквизиттері Инвестициялық қызмет, Қаржылық жоспарлау және болжау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) халықаралық бизнес саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың маңызын, халықаралық құқықта басшылыққа алынатын құқықтық ұғымдар туралы түсінік қалыптастыру керек және конвенциялық құқық нормаларын қолдану тәртібін білуі қажет. В) Нормативті актілерге сүйене отырып халықаралық бизнес қатынастарына сипаттама (мінездеме) беру, терең түсінік ала отырып, білімін практикада қолдана білу. Халықаралық бизнес құқығы пәнін оқу барысында игерген білімді студент тәжірибеде шығармашылық түрде қолдана білуі. Сот, құқық қорғау органдарында, шаруашылық қатынастарда тәжірибе өту барысында алған дағдыларын қолдана білуі тиіс. С) Халықаралық бизнес қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілерге қатысты ақпараттық-іздену қызметін жүзеге асыру. D) студенттердің өзіндік жұмысының нысаны ретінде халықаралық бизнес құқығы тәжірибесін жалпылайтын рефераттар, баяндамалар, эссе дайындау. Е) Білім алушылар сауда саттық саласында тәжірибелік дағдыларға ие болып, сауда құжаттарын (халықаралық құқықтық шарттар,талап арызды, шешімді, үйғарымды, сот қаулысын, сот бұйрығын және т.б.) сауатты құрастыра білуі тиіс.

6В04104 - ҚАРЖЫ
2 курс

Компонент	Пән коды	Пәннің атауы	Семестр	Кредит саны
4.Модуль -Философия және қаржы негіздері, 9 кредит				
ЖББП МК	Fil 2107	Философия	4	5
БП ЖК	КК 2205	Қаржыға кіріспе	3	4
5.1 Модуль - Қаржы-есеп жүйесі (Қаржы нарығы траекториясы), 24 кредит				
ЖББП ТК	AA 2108	Академиялық адалдық	3	5
БП ТК	MN 2206	Маркетинг негіздері	3	5
БП ТК	BE 2207	Бухгалтерлік есеп	3	5
БП ТК	KBS 2208	Қаржылық банктік статистика	3	5
БП ТК	MT 2209	Макроэкономикалық талдау	3	4
5.2 Модуль – Фирма қаржысы мен есебі (Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы траектория), 24 кредит				
ЖББП ТК	KN 2108	Құқық негіздері	3	5
БП ТК	Mar 2206	Маркетинг	3	5
БП ТК	BEA 2207	Бухгалтерлік есеп және аудит	3	5
БП ТК	AES 2208	Әлеуметтік-экономикалық статистика	3	5
БП ТК	MMT 2209	Макро және микро талдау	3	4
6.1 Модуль – Қаржы нарығы және оның құрылымы (Қаржы нарығы траекториясы), 23 кредит				
БП ЖК	BI 2210	Банк ісі (дуалды оқыту)	4	4
БП ТК	KN 2211	Кәсіпкерлік негіздері	4	5
БП ТК	KNU 2212	Қаржы нарығын ұйымдастыру	4	6
БП ТК	KEN 2213	Қаржылық есептеулердің негіздері	4	5
БП		Өндірістік практика	4	3
6.2 Модуль - Кәсіпорын қаржысы (Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы траектория), 23 кредит				
БП ЖК	BI 2210	Банк ісі (дуалды оқыту)	4	4
БП ТК	SVZh 2211	Стартаптарды венчурлық жоспарлау	4	5
БП ТК	AAN 2212	Ақша айналымы және несие	4	6
БП ТК	KES 2213	Қаржылық есептеулер статистикасы	4	5
БП		Өндірістік практика	4	3

5.1 Модуль - Қаржы-есеп жүйесі (Қаржы нарығы траекториясы)

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Академиялық адалдық
Бағдарлама авторы: Бердыбаев Е.М
Курсты оқытудың мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа қарсы әділеттілікті қалыптастыру және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі ережелерін зертеу
Пәннің қысқаша мазмұны: Пән сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымның, мәдениеттің қалыптасуына бағытталған. Студенттер «сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана», «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» түсінігімен танысады, сыбайлас жемқорлықтың себептері, тарихы, қазіргі көрінісі туралы кешенді білім алады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұратындай құқықтық мәдениетті дамытады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлық құбылысын сыни тұрғыдан талдау білімін, дағдысын дамытады.
Пререквизиттері:Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология), Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы
Постреквизиттері: Қаржылық есеп, Қаржы.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы білу және түсіну B) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары түсіну.C) құқықтық талдау әр түрлі дәлелдер мен мәселелерді шешу кезінде; жинау және түсіндіру үшін ақпаратты қалыптастыру пайымдауларды ескере отырып, әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды; D) хабар ақпарат, мамандарға да және маман еместерге де ақпараттарды, идеяларды, мәселелер мен олардың шешімдері туралы мәлімет беруге; E) құқық нормаларын қолдану.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Маркетинг негіздері
Бағдарлама авторы: Басшиева Ж.Қ
Курсты оқытудың мақсаты: болашақ мамандарға маркетинг негіздерін қолдану бойынша терең теориялық білім қалыптастыру, сонымен қатар өнімдер мен қызметтер нарығында тәжірибелік дағдыларды дамыту.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пән жалпы маркетингтік менеджмент тұрғысында маркетингтік қызметті ұйымдастыру туралы білім береді. Ол маркетингтік зерттеулерді басқаруды, маркетингтік зерттеудің элементтерін, экономиканың түрлі салалары мен секторларында маркетингтік стратегияларды әзірлеуді, тұтас алғанда кәсіпорынды басқару үшін маңызды болып табылатын тиімді маркетингтік жұмысты ұйымдастырудың негізін құрайтын қағидаларды, әдістерді және құралдарды зерттеуді қамтиды.
Пререквизиттері: Экономикалық теория
Постреквизиттер: Кәсіпкерлік негіздері
Оқытудың күтілетін нәтижелері: A) Маркетинг субъектілері туралы маркетингтің негізгі ұғымдарын білу; B) Маркетингті әртүрлі салаларда қолданудың тиімділігін бағалау әдістері мен қызмет көрсету және өндірістік емес сектордағы маркетингті басқару әдістерін меңгеру; C) Әртүрлі профильдегі кәсіпорындар қызметінің негізгі көрсеткіштерін жақсартумен байланысты әртүрлі практикалық мәселелерді шешуде маркетингті қолдану, сату нарығының мақсатты сегментін негіздеу үшін тиімді бағыттарды бөліп көрсету; нарыққа ену және тұтынушыларды тарту үшін маркетингтік стратегияларды қолдану; кәсіпорындардағы маркетингтік менеджменттің құрылымын, оларды қайта құрылымдаудың негізгі бағыттарын дұрыс бағалау; тауарларды сәтті өткізу үшін оларды орналастыру әдістері мен тәсілдерін қолдана алуды; өндіріс пен қызмет көрсету саласында тиімді маркетингтік коммуникацияларды ұйымдастыра білу керек; Д) Маркетинг негіздері туралы негізгі теориялық ережелерді білу, тауарлар мен тұтынушылар нарығын сегменттеу, өнім саясаты және тауарлар ассортиментін қалыптастыру саласында жүйелі білім алу. Тауарларды сату әдістерін, тарату арналарын, өнім саясаты мен маркетингтік стратегияларды таңдау. Маркетингтік жоспарларды жасаудың маңызды бағыттары мен тетіктерінің мазмұны, олардың ерекшеліктері, кәсіпорындардағы маркетингті басқарудың ұйымдастырушылық құрылымдарын білу. E) Өнімнің сапасын жақсарту және халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жекелеген кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметінде тиімді шешімдер қабылдауда экономикалық, әлеуметтік және ақпараттық негіздеу дағдыларына ие болу.

Дублин дескрипторлары: A) B) C) D) E)
Пәннің атауы: Бухгалтерлік есеп
Бағдарлама авторы:Токтарова М.А.
Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерде бухгалтерлік есеп аясындағы теориялық білім жүйесін және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметінде бухгалтерлік есепті қолдану, жүргізу ерекшеліктерімен танысу, бухгалтерлік есепті жүргізудегі мемлекеттік және халықаралық нормативті-құқықтық талаптарды ажырата білу.
Пәннің қысқаша мазмұны: студенттерді бухгалтерлік есеп жүргізудің негізгі қағидаларымен және бухгалтерлік есепте қолданылатын терминдермен таныстыру; басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін сыртқы және ішкі пайдаланушылармен пайдаланылатын бухгалтерлік есепте қалыптасатын және ақпараттың

рөлі мен мәнімен танысу; болашақта кәсіби қызметте қолдану үшін қажетті есеп саласында практикалық іскерлікті қалыптастыру.
Пререквизиттері: Қаржыға кіріспе, экономикалық теория.
Постреквизиттері: Қаржылық есептеулердің статистикасы
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) бухгалтерлік есеп принциптері мен стандарттарын; ағымды және ұзақ мерзімді активтер, міндеттемелерді, капитал есебін ұйымдастыру мен қаржылық есеп элементтерін білу; В) есепті жүргізу тәртібін реттейтін нормативті құжаттарды өз бетімен қарастыру; С)кіріс пен шығыс есебі, қаржылық нәтижелердің есебі; бухгалтерлік есеп жүргізуді құқықтық қамтамасыз ететін нормативтік базалармен жұмыс істей алу; Д) екі жақты жазуды қолдану; Е) бухгалтерлік есеп бойынша негізгі түсініктерді еркін қолдану.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Қаржылық банктік статистика
Бағдарлама авторы: Әлиева А.Ө.
Курсты оқытудың мақсаты: студенттерді статистикалық әдістерді қолдану арқылы қаржы және банк процесінде болып жатқан өзгерістерді, экономикадағы қаржының тұрақталығын, қоғамдық өндірістердің қаржымен қамтамасыз етілуін, бюджеттің ішкі берешегін азайтуды талдауға, зерттеуге үйрету.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курста статистикалық көрсеткіштер жүйесін (мемлекеттік бюджет кірістерінің көлемі, құрамы және динамикасының көрсеткіштері; жалпы пайданың көлемі, құрамы және динамикасының көрсеткіштері, кәсіпорындардың рентабельділік деңгейі, айналым қаражатының айналымдылығы, кәсіпорындардың қаржылық жағдайының тұрақтылығы; сақтандыру өрісінің көрсеткіштері, сақтандыру шарттары мен сақтандыру жағдайларының саны мен құрамы және т.б.) зерттейді.
Пререквизиттері: Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: Қаржылық есептеулердің негіздері
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) банктерде қаржы статистикасының негізгі категориялар мен түсінігі, олардың мазмұны және мағынасы; банктік қаржы құрылымы, банктің кірістер мен шығыстар көрсеткіштерін халықаралық және отандық жіктеу; В) қаржы және банк көрсеткіштерін, статистикалық тәсілдерді қолдану арқылы есептей білу; С) коммерциялық банктердің, сақтандыру ұйымдарының ісәрекеттері туралы статистикалық есеп берудің жаңа формаларын жасау; Д) статистикалық зерттеулер жүргізу білікті болуы және барлық салалардағы нәтижелерін талдау әдістері. Е) Түрлі көрсеткіштердің олардың динамикасына әсерін бағалап, есептеу нәтижелері бойынша қорытында жасайды және жоспарлы көрсеткіштердің орындалуына ұсыныстар береді.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Макроэкономикалық талдау
Бағдарлама авторы: Игильманова С.И.
Курсты оқытудың мақсаты:Студенттерге ғылыми талдау әдісінің ерекшелігі және макроэкономика ғылымындағы негізгі ұғымдар туралы теориялық білім беру;
Пәннің қысқаша мазмұны: «Макроэкономикалық талдау» пәнін оқып - үйрену барысында, негізінен, Қазақстан Республикасының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштеріне, олардың динамикасына жан – жақтыталдау әдістемесі қарастырылады. Пәнді оқу талдау әдісін қолдана отырып келесі әдістерді макроэкономикадағы ғылыми талдау әдісі, Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімі: динамикасы және құрылымы, экономикалық өсудің типтері мен факторлары, Қазақстанның валюта нарығын талдау, сыртқы қарызды мемлекеттік басқару зерттеуге негізделеді.
Пререквизиттері: Экономикалық теория
Постреквизиттері: кәсіпкерлік негіздері
Оқытудан күтілетін нәтижелер:А) Негізгі ғылыми ұғымдар мен түсініктерді білу, ғылыми талдау әдістемесінмеңгеру; В) Ғылыми талдау әдістемесін нақты макроэкономикалық ахуалға қатысты қолдану; С) Макроэкономикалық ахуал мен мемлекеттің түрлі бағыттағы экономикалық саясаты мен олардың салдарытуралы өз пікірін білдіру, қорытынды жасай алу, макроэкономикалық жағдай мен мемлекеттің макроэкономикалық саясатына қатысты жасалған, сараптамаларға, ресми құжаттарға баға бере алу; Д) Өзгелермен ақпарат алмасу және қарым-қатынас жасай білу дағдысын қалыптастыру; Е) Макроэкономика және ғылыми талдау саласындағы теориялық білім мен практикалық дағдының болуы.

5.2. Модуль - Фирма қаржысы мен есебі (Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы траектория)

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Маркетинг
Бағдарлама авторы: Басшиева Ж.Қ
Курсты оқытудың мақсаты: болашақ мамандарға маркетинг негіздерін қолдану бойынша терең теориялық білім қалыптастыру, сонымен қатар өнімдер мен қызметтер нарығында тәжірибелік дағдыларды дамыту.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пән жалпы маркетингтік менеджмент тұрғысында маркетингтік қызметті ұйымдастыру туралы білім береді. Ол маркетингтік зерттеулерді басқаруды, маркетингтік зерттеудің

элементтерін, экономиканың түрлі салалары мен секторларында маркетингтік стратегияларды әзірлеуді, тұтас алғанда кәсіпорынды басқару үшін маңызды болып табылатын тиімді маркетингтік жұмысты ұйымдастырудың негізін құрайтын қағидаларды, әдістерді және құралдарды зерттеуді қамтиды.
Пререквизиттері: Маркетинг негіздері
Постреквизиттер: Ақша айналымы және несие
Оқытудың күтілетін нәтижелері: А) Маркетинг субъектілері туралы маркетингтің негізгі ұғымдарын білу; В) Маркетингті әртүрлі салаларда қолданудың тиімділігін бағалау әдістері мен қызмет көрсету және өндірістік емес сектордағы маркетингті басқару әдістерін меңгеру; С) Әртүрлі профильдегі кәсіпорындар қызметінің негізгі көрсеткіштерін жақсартумен байланысты әртүрлі практикалық мәселелерді шешуде маркетингті қолдану, сату нарығының мақсатты сегментін негіздеу үшін тиімді бағыттарды бөліп көрсету; нарыққа ену және тұтынушыларды тарту үшін маркетингтік стратегияларды қолдану; кәсіпорындардағы маркетингтік менеджменттің құрылымын, оларды қайта құрылымдаудың негізгі бағыттарын дұрыс бағалау; тауарларды сәтті өткізу үшін оларды орналастыру әдістері мен тәсілдерін қолдана алуды; өндіріс пен қызмет көрсету саласында тиімді маркетингтік коммуникацияларды ұйымдастыра білу керек; Д) Маркетинг негіздері туралы негізгі теориялық ережелерді білу, тауарлар мен тұтынушылар нарығын сегменттеу, өнім саясаты және тауарлар ассортиментін қалыптастыру саласында жүйелі білім алу. Тауарларды сату әдістерін, тарату арналарын, өнім саясаты мен маркетингтік стратегияларды таңдау. Маркетингтік жоспарларды жасаудың маңызды бағыттары мен тетіктерінің мазмұны, олардың ерекшеліктері, кәсіпорындардағы маркетингті басқарудың ұйымдастырушылық құрылымдарын білу. Е) Өнімнің сапасын жақсарту және халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жекелеген кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметінде тиімді шешімдер қабылдауда экономикалық, әлеуметтік және ақпараттық негіздеу дағдыларына ие болу.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Бухгалтерлік есеп және аудит
Бағдарлама авторы:Токтарова М.А.
Курсты оқытудың мақсаты: бухгалтерлік есеп пен аудиттің тарихы және қаржылық ақпараттардың қайдан алынып, қалай қолдану қажеттілігі жайлы, ұйымды басқарудағы бухгалтерлік есеп жүйесі, бухгалтерлік баланс, бухгалтерлік есептің концепциялары мен принциптері, шоттар жүйесі мен екі жақты жазу, актив, міндеттеме және кәсіпорынның меншікті капиталы туралы түсінікпен олардың анықтамасын таныстыруды, сонымен қатар ҚР аудит қызметінің жағдайы мен жалпы экономикалық негізі туралы типтік бағдарламаға сәйкес білім беруді көздейді.
Пәннің қысқаша мазмұны: Бухгалтерлік есеп және аудит – ұйымның қалыпты шаруашылық қызметін жүргізу үшін жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттерге бизнес пен бухгалтерлік есепті таныстыруға арналған бірқатар тақырыптардың құрылымынан тұрады. Курста экономика саласында кез- келген мамандыққа оқып жатқан студенттерді бизнес тілімен таныстыру. Оларға бухгалтерлік есеп ақпараттарын қалай қолдану қажеттілігін және осы ақпараттардың қайдан алынғандығы жайлы түсінікпен таныстыруды көздейді. Бұл курс қаржылық есептің бастамасы, яғни бастапқы курсы болып табылады және де мұнда қаржылық қорытынды есеп беруді дайындау мен бухгалтерлік есеп кезеңдеріне және аудит негіздеріне шолу жүргізіледі.
Пререквизиттері: Қаржыға кіріспе
Постреквизиттері: 1С Бухгалтерия, Қаржылық есептеулер статистикасы.
Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) бухгалтерлік есеп пен аудитті жүргізу процесте жаңа технологияларды қолдану құрайды; В) бухгалтерлік есеп пен аудитті жүргізуді құқықтық қамтамасыз етудің ақпараттық базасын, кірістер мен шығыстарды және қаржылық нәтижелерді енгізу принциптерін пайдалануды реттейтін нормативтік құжаттарды дербес қарастыру. С) Бухгалтерлік есеп пен аудитті жүргізу процесінде жаңа салалық технологияларды қолдану; D) бухгалтерлік есеп пен аудитті жүргізу: Е) бухгалтерлік есеп бойынша негізгі ұғымдарды еркін пайдалану.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е)
Пәннің атауы: Әлеуметтік-экономикалық статистика
Бағдарлама авторы: Әлиева А.Ө.
Курсты оқытудың мақсаты: Ұлттық экономиканы, қоғамның барлық құрамдас элементтерімен байланысты экономикалық потенциалын зерттеу, сонымен бірге ұлттық экономикамыздың, салаларының және секторларының барлық жүйелерінде адамның қызметінің нәтижесін талдау.
Пәннің қысқаша мазмұны: Әлеуметтік-экономикалық статистика ғылыми пән болып табылады, ол сандық мінездемелерді, жаппай құбылыстарды, экономикадағы және әлеуметтік саладағы үдерістерді зерттеумен айналысады. Әлеуметтік – экономикалық статистика мәліметтері қоғамдағы болып жатқан түрлі экономикалық және әлеуметтік үдерістерді жүйелі сандық сипаттауын қамтамасыз етеді. Бұл пән өзіне келесі бөлімдерді қосады: әлеуметтік-демографиялық статистика, халық өмірінің деңгейінің статистикасы, еңбек және еңбекпен қамту статистикасы, баға статистикасы, инвестициялар статистикасы, ұлттық байлық статистикасы, түрлі салалар (көлік, құрылыс, халық, ауыл шаруашылық және тағы басқа) статистикасы.
Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп
Постреквизиттері: Қаржылық есептеулер статистикасы

